Республикалық жастар газеті

Ақмешіт ЖАСТАРЫ

6+

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

№35 (572)
30 тамыз,
2024 жыл

...Мен жастарға сенемін!
Мағжан



Әуежай – ұшып-қону һәм аспан мен жердің тоғысқан мекені. Сонымен қатар мемлекет беделінің бір көрінісі. Сол алаңда сағат санап асыққан халықтың уақыты жиі «желге ұшып», сарсаңға салыну қалыпты мәселеге айналып барады. Әуе тасымалының айтары көп, бірақ ісі сөзбен ғана шектелгендей...

ӘУРЕСІ КӨП – ӘУЕЖАЙ



Кез келген әуежайдың беделін қалыптастыратын басты көрсеткіш қызмет көрсету сапасы екені айдан анық. Бірақ кейінгі уақытта сапалы қызмет алу арманға айналып бара жатқандай. Ел азаматтарының әлеуметтік желідегі жазбаларынан осындай ой түйдік.

Қазақстандағы әуе компанияларда 101 ұшақ бар. Ал бүгінде кемінде 5-6 рейс тұрақты түрде кешігеді. ҚР Көлік вице-министрі Талғат Ластаевтың айтуынша, рейстердің кешігуі тек Қазақстанда ғана емес, әлемнің көп елінде болады екен.

– Биыл біздегі көрсеткіш 77% шамасында. Басқа мемлекеттермен салыстырсақ, АҚШ-та 77%, ал Еуропада 76%-ды құрады. Биыл осы көрсеткіш төмендеп жатыр. Boeing өндірісінде, жаңа ұшақтарды әкелуде мәселелер байқалды. Осы жылы 12 жаңа бортты әуе компанияларына жеткіземіз деп жоспарладық. Қазір оның тек 8-і келді, ал жыл соңына дейін төрт ұшақ жеткізіледі, – деді Талғат Тлеубекұлы елордада өткен баспасөз мәслихатында.

Сондай-ақ тамыз айында бірнеше әуежайда жөндеу басталғандықтан рейстердің кешігуі жиілеген. Астана әуежайы түнгі уақытта жұмыс істемейді, сондықтан күндізгі рейстер саны артты. Бұрын әуежай тәулік бойы қызмет атқарғанда, сағатына 10-12 рейс орындалатын болса, қазір бұл сан 20-25 рейске дейін өскен.

3-бетте

ТӘРТІПТІҢ БЕРІК ҚОРҒАНДАРЫ

Қазақстан Республикасының Конституциясы – егемендіктің айнасы, мемлекеттің іргетасы. 1995 жылы қабылданған Ата заң еліміздің демократиялық даму бағытын айқындап, құқықтық мемлекеттің негізін қалады. Бұл – қазақ халқының болашағына жарық жол сілтеген тарихи құжат еді. Сол кезеңде ел өркендеуге бет бұрып, жаңа заңдылық пен тәртіп орнады.

Ол жылдары дүние есігін ашқан ұрпақ бүгінде Отанға адал қызмет етіп, заңды құрметтейтін жанға айналды. Бүгінгі кейіпкеріміз – Ата заңмен «құрдас» қоғам сақшыларының бірі, Қызылорда облысы мамандандырылған күзет қызметі басқармасының полиция батальонының полицейі – Венера Сахиева.

2-бетте

«TARMAQTAR» ТАЛАЙДЫҢ ТАЛҒАМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРДЫ

7

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ГРАНТЫ ТАБЫСТАЛДЫ

Білім беру гранты – көпті алаңдататын өзекті мәселе. Бүгінде қанша түлектің мемлекеттік грант иеленгені белгілі. Алайда грантты ұта алмай қалған жандар енді не істейді? Салы суға кеткен студенттердің тағы тегін оқу грантын ұтуға мүмкіндігі бар. Ол – әкім гранты. Басты мақсат – аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беретін мамандарды даярлау.

4

60 БАЛАНЫ ТЕГІН ЖАТТЫҚТЫРАТЫН ЖАС БАПКЕР

8

ЖАНАР БИМҰРАТҚЫЗЫ: АҚЫНДЫҚ ЕМЕС, ҰСТАЗДЫҚ ЖОЛДЫ ТАҢДАДЫМ

Жастарға арнап іс-шара ұйымдастыру бөлек, олар сенім артатын, қолдау күтетін адам болу басқа. Студенттердің қашанда жанынан табылатын, жастар жанашырына айналған маманның бірі – Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетіндегі әлеуметтік және тәрбие бөлімінің басшысы Жанар Бимұратқызы.

– «Студенттердің «анасы». Университет басшының өзі сізді осылай атағаны есімізде. Бұлай айтуға толықтай себеп бар екені рас. Жастармен күн-түнге қарамай шараға дайындаласыз, кейде тобымен үйіңізге де шақырасыз. Бұл қызметтегі жауапкершілік пе, әлде олардың болашағына деген жанашырлық па?

– Қазіргі жастарға, тіпті үлкендерге де кейде мейірім жетпейтіндей көрінеді. Адамдар бір-бірін жақсы көріп, қолдағанда ғана жүрекке тыныштық ұялайды. Сенім бар жерде ғана болашаққа үмітпен қараймыз. Сол себепті қолымнан келгенше артымнан ерген жастарға мейірім төгіп, қолдағым келеді. Мұндай жанашыр мінезге әкем баулып, кішкентайымнан әдебиетке жақын етіп өсірді. 5-сыныпта Мұхтар Шахановтың «Түсінісу теоремасы» деген өлеңін жаттатқан. Сол өлеңнің «Бір жас дарын көтерілсе, мінбеге, Жұрт түсінбей қалмаса екен деп тұрам» деген жолдары бар. Әкем сонда «Ертең өсіп, елге қызмет етесің. Артыңнан ерген бір жас дарын мінбеге көтерілсе, қызғанышпен қарап, түсінбестік танытпа, балам. Инедей сәуле көрсең, соны жарық қылуға себепші бол. Ол қолыңнан келмесе, мейірімді бол» деген еді. Өзім де баламын ғой. Десе де осыдан кейін өзімнен кейінгілерге қарайлап жүруді әдет қылдым.

Сол кездің өзінде біз тұратын көшедегі бастауыш сыныптың балаларын жинап алып, концерт ұйымдастыратынмын. Ақша жинау деген жоқ, ата-аналары жинап берген тәттілер мен айна-тарақ, беторамал сияқты дүниелерді жеңімпаз балаларға табыстайтынмын. Бір жерден 5-6 жас шамасындағы балалардың өлең айтқанын байқасам, «келесі апта конкурс өткізем, соған қатыс» деп шақырып жүретінмін.

5 - бетте

РЕДАКТОР БАҒАНЫ

Құрметті оқырман!

Қазір ақпараттың екпіні тым қатты. Метаәлемнің мүмкіндіктері кеңейген уақытта оқырманның ақпаратқа деген талғамы жоғарылады. Бұл қалам қуатымен қоғамға қызмет ететін журналистер арасында бәсеке бәсін күшейтті.

Жастардың төл басылымына айналған «Ақмешіт жастары» газеті де жаңашыл қадамдарға батыл барып, өз аудиториясына адал еңбек етіп келеді.

Он жылдан аса тарихы бар газеттің өткеніне көз жүгіртсек, журналистері бармаған тақырыбы жоқ. Түрлі бағытта қалам тербеп, газеттің шынайы, жанкешті жанашыры болған.

Енді міне, жаңа бас редактор ретінде өздеріңізбен қауышу бұйырды.

Ісі бір күндік, сөзі мың күндік болатын басылымның жүгі оңай болмасы анық. Дегенмен бұл – жастық күш, ой, көзқарас, идея, жаңашылдық, өзгеріс сынды құндылықтар бір арнаға тоғысатын сәт.

«Ақмешіт жастары» газетінің мақсаты айқын, аудиториясы кең. Әр беті жастардың өзекті мәселелерін көтеріп қана қоймай, танымдық әрі шығармашылық бағыттарымен көптің көңілінен шыға білді. Жастардың тіл байлығын кеңейтіп, білімін арттыру үшін үнемі ізденісті талап ететін басылым беттерінде өңірдегі көшбасшы, іскер, кәсіпкер, жетекші, еңбекқор жастар тұрақты жарияланып келеді. Мұның барлығы – шығармашылық ұжымның оқырман алдындағы парызы һәм ізденісі.

Осыған дейін өңірдегі қаламы қарымды жас журналистердің басын біріктірген, әр жылдағы бас редакторлар Айжан Абдуллаева, Назерке Саниязова, Дастанбек Садық, Мөлдір Снадин мен Айдар Сайлауовтар газеттің өзіндік стилін дамытып, оқырманға адал қызмет етті.

Биылдан бастап облыстық газет ретінде таралып келген жастардың төл басылымы «Республикалық газет» мәртебесін алды.

Заман талабына сай түрленген басылымның электронды нұсқасы «Aqmeshit-zhastary.kz» ақпараттық агенттігі құрылды.

Бүгінде «Instagram», «Facebook», «TikTok» және «Telegram» әлеуметтік желілерін оқитын оқырмандарымыз көбейді. Дегенмен бұл – тоқмейілсу емес, керісінше өзімізді қамшылауға жетелейтін себеп.

Қай кезде де «арық айтып, семіз шыққан» ұтады. Біздің де ұстаным – осы. Газеттің алдағы жоспары, оқырманына ұсынатын жаңа дүниелері аз емес.

Біз үшін қатып қалған қағида, қасаң көзқарас жоқ. Айтар ой, ашық ұсыныс болса, редакция есігі әрдайым ашық!

Жаңа идеяға толы айдарлар мен мазмұнды мақалалар, ерекше сұхбаттар оқуды қаласаңыз, бізге жазылыңыз!

Бір толқында болайық!

Революция в портретной фотографии в стиле Harcourt

HONOR 200 – результат уникального сотрудничества между HONOR и парижской фотостудией Harcourt, известной своими выдающимися достижениями в области портретной фотографии. Этот союз привёл к созданию устройства, которое объединяет передовые технологии искусственного интеллекта (ИИ) с художественным подходом к фотографии.

Камера и сотрудничество с Harcourt

Камера смартфона включает в себя несколько модулей, включая основную камеру, теле- и макрообъектив. Но самое интересное в камере HONOR 200 – уникальный портретный режим HONOR AI Portrait Engine с внедренным ИИ. Искусственный интеллект позволяет улучшать качество портретов благодаря специальным алгоритмам, разработанным совместно с фотостудией Harcourt, известной своими художественными портретами мировых знаменитостей. ИИ, обученный на тысячах портретов из библиотеки легендарной французской студии, улучшает снимки, применяя уникальные техники Harcourt для работы со светом и тенями.

Камера HONOR 200 предлагает и следующие возможности:

● Ночной режим: улучшает снимки при слабом освещении.

● Автоматический захват движения AI Motion Sensing: помогает снимать четкие кадры даже движущихся объектов.

● Pro Mode: позволяет вручную настраивать параметры съёмки.

Дизайн и экран

HONOR 200 выглядит современно и стильно, и влюбляет в себя с первого взгляда – не только элегантными изгибами и плавными линиями тонкого корпуса, но и комфортом, который ощущается при каждом прикосновении.

Смартфон представлен в «Лунном белом», «Вельветовом черном» и «Изумрудном зеленом» цветах.

6,67-дюймовый безрамочный экран с технологиями защиты глаз передает яркие и насыщенные цвета, делая просмотр фото и видео настоящим удовольствием без нагрузки на зрение.

Производительность и функциональность

HONOR 200 оснащен процессором Snapdragon 7 третьего поколения и 8/12 ГБ оперативной памяти, что обеспечивает отличную производительность и возможность работы с несколькими приложениями одновременно. Предлагаемые HONOR варианты встроенной памяти – 256 и 512 ГБ – позволяют хранить большое количество фотографий и видео, включая те, что сделаны с помощью усовершенствованных функций камеры.

Аккумулятор и зарядка

Смартфон оснащен аккумулятором емкостью 5200 мАч, который обеспечивает длительное время работы. Быстрая зарядка мощностью 100 Вт позволяет восполнить заряд в рекордные сроки, так пользование устройством становится ещё более комфортным.

Заключение

HONOR 200 – это результат выдающегося партнерства между HONOR и студией Harcourt. Сочетание передовых технологий и художественного подхода к фотографии делает этот смартфон идеальным решением для тех, кто ценит качественные изображения и инновационный дизайн. Если вы ищете устройство, которое предлагает не только высокую производительность, но и уникальные возможности для создания фотоартов, HONOR 200 станет отличным выбором.

Басы 1-бетте

ТӘРТІПТІҢ БЕРІК ҚОРҒАНДАРЫ

Венера Қалдыбекқызы – 1995 жылы теміржолшылар отбасында дүниеге келген. Алты ағайындының бесіншісі болып, ата-анасының талапшыл тәрбиесін көрген ол, бүгінде тәртіп сақшыларының қатарында. Үйдегі қатаң тәртіп пен талап қыздардың барлығын әдетте ер азаматтар жиі таңдайтын салаларға бағыттады. Теміржолшы, дәрігер мен тәртіп сақшысы әпкелерінің арасында Венераның да өз орны бөлек. Офицерлік форма киіп, елдің тыныштығын күзетуді мақсат еткен ол, бүгінде осы арманның шындыққа айналғанына дән риза. Ата-анасы теміржол саласында қызмет етсе де, оның таңдауы ішкі істер органдарына түсті.

– Әкем бала күнінен осы салада қызмет етуді армандаған екен. Екеуіміздің де арманымыз бір нүктеде тоғысты десе болады. Себебі мен де офицерлік форма киюді қаладым, – дейді Венера Сахиева өткенге көз жүгіртіп.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде құқықтану мамандығының студенті атанып, 2013-2017 жылдары құқық саласының қыр-сырын меңгерді. Оқуын тәмамдаған соң уақытша қызығушылығы – кәсіппен айналысқан. Бірақ басты арманы мемлекеттік қызметке орналасу еді. Ал мемлекеттік жұмысқа тұру үшін екі жыл бойы дайындалып, түрлі сынақтардан өтті. 2019 жылы газеттегі хабарландырудан бос жұмыс орны туралы оқып, бірден құжаттарын тапсырған. Осылайша жас маман кәсіби еңбек жолын 5 жыл бұрын бастады.

Оның айтуынша, жаңа ортаға, процеске бейімделу қиындық тудырмаған. Білікті полицейлерден құралған тәлімгерлермен 3 ай бірге жұмыс істеп, тәжірибе жинаған. Оның еңбек жолындағы ілгерілеуі де айқын. Қатардағы қызметкерден кіші сержант, сержант, аға сержант шеніне дейін көтерілді. Бұл – оның жауапкершілікке, тәртіпке және қызметіне деген сүйіспеншілігінің жемісі.

– Мамандандырылған қызмет күзеті басқармасы полиция жасақтарының негізгі міндеті – мемлекеттік маңызды нысандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ел ішіндегі тұрақтылық пен қоғамдық тәртіпті сақтап, мемлекеттің қауіпсіздігін қорғау.

Полицияда қызмет ету мен үшін алдымен жұмысқа толығымен берілу, жүктелген талап пен міндетті толық орындау.

Қоғаммен әрдайым байланыста болу, бірге жұмыс істеу – үлкен жауапкершілік. Соған қарамастан біз сыпайы, тез тілтабысқыш және адамдардың жағдайын түсініп әрі тыңдауға тырысамыз, – деді Венера бізбен әңгімесінде.

Венера Сахиева қызметке шынайы берілген, тәртіпке сүйенетін жан. Тұрмыс құрмаған ол жеке өмірі мен кәсібін қатар алып жүрудің қиындық тудырмайтынына сенімді.

– Әрине, отбасын құру ойда бар. Бірақ мен үшін бұл жұмыс пен жеке өмірді үйлестіруде кедергі болмайды деп ойлаймын. Себебі біздің батальонда бір салада қызмет атқарып жүрген көптеген жұп бар, – деген ойымен бөлісті.

Жастарға айтар кеңесі де ерекше.

– Бүгінде жастар үшін барлық мүмкіндікке жол ашық. Қай жерде білім аламын десе де, үйренемін десе де, еш кедергі жоқ. Ең алдымен, мықты білімнің негізін қалап, алға ұмтылу керек. Жастық шақ пен мүмкіндіктерді бос ойындарға немесе зиянды әдеттерге ысырап етпесе екен деймін. Біздің салада көп уақыт жұмыста өтеді. Отбасы, достар, туыстар екінші орында қалады. Негізгі фокус – тек жұмыста. Сол үшін мемлекеттік салаға келуді қалайтын жастар осыған дайын болса екен, – деп жастардың болашағына алаңдайтынын жасырмады.

Полиция қызметінің қоғамдағы рөлі ерекше екені белгілі. Мемлекет тарапынан құқық қорғау қызметкерлеріне жоғары талаптар қойылады, олар әрдайым қиын сәттерде көмекке дайын болуы керек. Өмірде Венера өзін жұмсақ адам ретінде сипаттады. Алайда жұмыс барысында ол бұл қасиеттерін ысырып қойып, қажетті жағдайда батылдық танытып, кәсіби қызметін жоғары деңгейде атқаруға күш салатынын айтты.

– Қыз бала болғаныма қарамастан, қызметтің шыңына жетіп, өз ісімде биікке қол жеткізгім келеді. Алдағы 5 жылда өзімді білікті маман ретінде көремін, – деді ол сеніммен.

Венера Сахиева мен Айбек Әбдіразақ – бір салада қызмет ететін, мақсаттары мен ұстанымдары бір арнада тоғысқан қызметкерлер. Екеуінің де бала кезден қалыптасқан армандары мен отбасылық құндылықтары олардың кәсіби жолын анықтап бергендей. Қызметте өзіндік ерекшеліктері бар болғанымен, оларды қоғамдық қауіпсіздікті сақтау мен ел тыныштығын қорғау біріктіреді. Ендігі кезекте, Айбектің кәсіби жолына үңіліп көрейік.

Айбек Әбдіразақ – стратегиялық маңызы бар нысандардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде өз қызметіне адал жан. Қызылорда облысы мамандандырылған күзет қызметі басқармасының полиция батальонында бір жылдан бері еңбек етіп келеді. Ол Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің құқықтану факультетін бітіріп, заңгер мамандығын алған. Айбек қазір сот сараптама институтының нысаны мен халықты сумен қамтамасыз ететін стратегиялық маңызды «Бастоған» су жинау құрылымында күзетшілік қызмет атқарады.

– Біздің міндетіміз – елдің тыныштығын сақтау, стратегиялық орындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, нысандарға кіретін адамдарды тексеру, – дейді ол.

Әскери шенде болу – Айбектің бала күнгі арманы. Отбасындағы үлкен мақсаттардың бірі – осы саладан лайықты маман шығару еді. Бұл арманның орындалуына оның әкесі Әбдіраман Балтабай үлкен қолдау көрсетті.

– Әкемнің арманы мен менің мақсатым бір болды. Оның үмітін ақтау мен үшін үлкен міндет, – деді Айбек ағынан жарылып.

Күнделікті жұмысы қаруланудан бас-талып, 7:30-да қару алып, 8:00-де саптық тексеруден өтеді. Сол жерден оны тиісті нысанға жіберіп, обьектіні қабылдап алады. «Біздің негізгі міндетіміз – қоғамдық тәртіпті қадағалау және құқықбұзушылықтың алдын алу» деп түсіндірді кейіпкер.

Айбек Балтабайұлы үшін бір ғана ғимараттың қауіпсіздігін күзетумен шектеліп қалу жеткіліксіз. Ол осы салада одан әрі жетіліп, қоғамның қауіпсіздігін сақтау жолында бар күшін салмақшы. «Елдің тыныштығын күзетуде барлық жігерімді сарп етемін» деп алдағы жоспарларымен бөлісті. Бұл сөздерден оның кәсібіне деген адалдығы мен алдағы мақсаттарының айқын екенін байқаймыз.

Еліміздің Ата Заңы – Конституция күніне орай, Венера мен Айбек қазақстандықтарды мерекемен құттықтап, ел бірлігі мен тұрақтылығын нығайтатын бұл күннің маңызын атап өтті.

Әлия ТӘЖІБАЙ

Арал ауданы биыл әлеуметтік-экономикалық және негізгі салалар бойынша қарқынды жұмыс атқарып, оң нәтижеге қол жеткізді. Сонымен қатар инвестициялық жобалар мен бизнес бастамалардың жүзеге асырылуы ауданның экономикалық әлеуетін арттыруға айтарлықтай үлес қосты. Мәселен, жыл басынан бері ауданға 9,1 млрд теңгеге жуық инвестиция тартылып, өсім 14,6 пайызды құраған. Бұл деректерді Арал ауданының әкімі Аманжол Оңғарбаев өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында өткен брифингте мәлім етті.

АРАЛ: ЭКОНОМИКАЛЫҚ СЕРПІН МЕН МҮМКІНДІКТЕР

– 2024-2028 жылдар аралығында бірыңғай индустрияландыру картасы, жалпыұлттық жобалар пулы және өңдеу өнеркәсібі жобаларының пулында 11 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланды. Бұл жобалардың ішінде биыл 40 адамды тұрақты жұмыспен қамтитын 3 жоба қолға алынды.

Арал қаласының солтүстік-шығыс бетінде орналасқан индустриялық аймақтың жалпы жер көлемі 16 гектарды құрайды. Осы индустриялық аймақтан «Берекет» ШҚ – «Ет және ет өнімдерін өндіру, тұшпара цехын салу» мен «Qazaq Camel» ЖШС-ның «Түйе сүтінен құрғақ ұнтақ дайындау» жобасын іске асыру мақсатында жер телімдері табысталды.

Ауданның шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 5247 бірлікті құраса, оның 95,7% тұрақты жұмыс істеуде. Кәсіпкерліктен өндірілген өнімнің көлемі 6,9 млрд теңгені құраған. Мұндай көрсеткіш ауыл шаруашылығында да бар. 2022-2024 жылдарға арналған жол картасы аясында мал, егін және балық шаруашылығы бағыты іске асырылуда. Осы жылдың алғашқы жартыжылдығында 3,8 млрд теңгенің өнімі өңделген.

Бұдан бөлек жыл басынан бері 240 орындық 2 жеке

Мемлекеттік бағдарламалар мен жалпы қаржы институттары арқылы 1,7 млрд теңгенің 73 жобасы несиелендірілді. Туризм саласына да көңіл бөлініп, құны 450 млн теңгені құрайтын 1 мейрамхана пайдалануға берілді. Алдағы уақытта 2 мейрамхана, 1 қонақ үй, «Арал» қонақ үйінің жанынан бассейн, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автомобиль жол бойы сервисі мен Метангаз құю бекетінің құрылыс жұмыстары жүргізілуде, – деді Арал ауданының әкімі.

балабақша ел игілігіне табысталып, жыл соңына дейін Арал қаласынан 115 орындық, Ақбай ауылынан 100 және Қаратерең ауылынан 75 орындық балабақшаны пайдалануға беру жоспарлануда.

– Арал ауданында 2023-2025 жылдар аралығында 10 мектептің құрылысын салу жоспарланған. Жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, сараптамадан өткен Сапақ, Жаланаш елді мекендеріндегі 2 мектептің мәселесін шешу жұмыстары жүргізілуде. Ақшатау мектебінің құрылысы жеке кәсіпкер есебінен шешім тауып, құрылыс жұмыстары аяқталды, – деді аудан әкімі.

Әлия ЖАНӘБІЛҚЫЗЫ



ЖҰМЫСЫН ТОҚТАТАДЫ

«Тұмар-Рай» ЖШС (БСН 240240013394) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Барлық талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекен-жайда қабылданады: Қызылорда қаласы, Абзали Егізбаев көшесі 3Б.

***

«Номад такси» ЖШС (БСН 210240040188) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Барлық талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекен-жайда қабылданады: Қызылорда қаласы, Мұрат Саламатов көшесі, сооруж. 16 А.

Басы 1-бетте

ӘУРЕСІ КӨП – ӘУЕЖАЙ

Қиындықтар мұнымен шектелмейді. «FlyArystan» әуе компаниясының басшысы Ричард Леджер рейстердің кешігуіне ауа райының да ықпалы бар екенін айтады. Қазақстандағы 101 ұшақтың 10-ы түрлі себеппен уақытша тоқтап тұрса, оның 5-еуі бұршақтан зақымдалған. Бүгінде бұл ұшақтар жөнделіп, қайтадан іске қосылды. Сонымен қатар компания басшысы «FlyArystan» әлеуметтік желілерде жолаушылардың шағымдарын жіті бақылап, оларға жауап беруге тырысып жатқанын мәлімдеді. Рейстердің кешігуі кезінде заңда көзделген қызметтердің уақытылы көрсетілмеуі немесе мүлдем ұсынылмауы жолаушылардың наразылығын тудырып, әлеуметтік желілерде де кең талқылануда. Осы мәселеге байланысты Көлік министрлігінің Азаматтық авиация комитеті заң бұзушылықтарды болдырмау және жауапты компанияларды жауапкершілікке тарту жұмыстарын жүргізді. Мәселен, 11 шілде күні Алматы – Қарағанды бағытындағы рейстің кешігуі кезінде «FlyArystan» әуе компаниясы жолаушыларды қонақ үйге орналастыру, әуежай мен қонақ үй арасындағы тасымалдауды ұйымдастыру секілді қызметтерді ұсынбаған. Осыған орай, компанияға ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 567-бабының 2-бөліміне сәйкес 1000 АЕК мөлшерінде айыппұл салынды. Бұған дейін, 24 маусымда Атырау-Алматы бағытында рейсті кешіктірген «SCAT» әуе компаниясы тиісті қызмет көрсетпегені үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылып, олар да 1000 АЕК мөлшерінде айыппұл арқалады. Жолаушылардың құқығын қорғау − Азаматтық авиация комитетінің басты міндеттерінің бірі. Комитет әуе компанияларының заң талаптарын қатаң сақтауын қадағалай отырып, кез келген заңбұзушылық анықталған жағдайда, тиісті шаралар қолданылатынын айтып отыр.

Рейстердің кешігуіне әкелетін жағдайлар әртүрлі. Әрі олардың әрқайсысы өз алдына жолаушыларға жайсыздық туғызады. Мәселен − ауа райы. Қатты жел, бұршақ, тұман немесе қар сияқты ауа райының қолайсыз жағдайлары ұшуды қауіпсіз жүргізуге кедергі келтіреді. Бұл тізімге табиғи апаттар, саяси оқиғалар, ереуілдер, техникалық ақау, жолаушылардың денсаулық жағдайын жатқызуға болады. Бұдан да бөлек түрлі мәселе туындауы мүмкін.

Қазақстандағы отандық әуе компаниялары жыл басынан бері шамамен 5,5 миллион жолаушыны тасымалдап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 17%-ға артық көрсеткішке қол жеткізген. Бұл өсу тенденциясы елдің авиация саласының дамуында оң нәтиже көрсетіп отырғанымен, қызмет көрсету әлі де кемшін. Тамыз айының 14-і күні «FlyArystan» ұшағына отырмақшы болған жолаушылар қате хабарлама салдарынан рейске кешіккен. Бұл оқиға жолаушылардың құқықтарын қорғау, әуе компанияларының жауапкершілігі және қызмет көрсету сапасы мәселелерін тағы да күн тәртібіне қойды. Алматы әуежайындағы KC 7053 рейсіне кешігіп келген жолаушылар «FlyArystan» тіркеу орнындағы компьютерді қиратып, наразылықтарын білдірді. Мұндай жағдайға компанияның қате жіберілген SMS хабарламасы себеп болды. «FlyArystan»-ның ресми мәлімдемесіне сәйкес, Алматыдан Астанаға жоспарланған рейс 09:05-тен 09:25-ке кешіктірілгенімен, жүйедегі ақауға байланысты жолаушыларға рейстің 10:55-ке ауыстырылғаны туралы хабарлама жіберілген. Нәтижесінде, қате ақпарат алған кейбір жолаушылар кешігіп келіп, рейске үлгермеді. Әуе компаниясы кешіккен жолаушыларға қаражаттарын қайтарып, қосымша өтемақы ретінде 50 мың теңгелік ваучер ұсынғанын хабарлады. Әуежайдың баспасөз қызметі оқиға кезінде компьютердің мониторы бұзылғанын, бірақ жағдай тұрақталып, әуежайдың қалыпты режимде жұмыс істеп жатқанын мәлімдеді.

− Қазақстан мен өзге елдердің әуежайларында айырмашылық бар екені рас. Шетелдік аэропорттар кең, бірнеше терминалы бар, тіпті ішіне кірсең адасып кетуге болады. Мысалы, Нидерландыда барлығы заңға сәйкес қатаң жұмыс істейді. Сувенир сататын шағын дүкендері көп және бағалары да Қазақстандағыдай. Ал Түркия транзиттік мемлекет болған соң адам көп. Стамбулдағы әуежайда киім-кешек, тамақ сататын дүкендер, тіпті жерде отырып, ұйықтап күтетін жолаушыларды да кездестіресің. Қызмет көрсету сапасында айтарлықтай айырмашылық жоқ секілді. Барлық елде қызметкерлер өз жұмысын ғана істейді. Бірақ шетелдік рейстердің кешіккенін байқамадым, ал Қазақстанда мұндай жағдай жиі кездеседі, – дейді студент Зере Сламбек.

Сол секілді Кореяда білім алатын жерлесіміз Диана Хегай да халықаралық рейстердің кешігуін байқамағанын айтып отыр. Ал ол өзі саяхаттаған Вьетнам мен Кореяда да ішкі рейс-тер уақытылы ұшады екен.

– Кореяда рейс 10 минутқа кешіксе жолаушылар бірден наразылығын білдіреді. 1-2 рет ғана мұндай жағдайға куә болдым. Негізінде бұл елде рейстердің уақытылы ұшуы жоғары деңгейде. Сеул әуежайы үлкен, заманауи және жолаушыға барлық жағдай жасалған, – деді ол.

«FlyArystan» әуе компаниясының қызмет сапасына қатысты тағы бір шулы оқиға болды. Кәмелетке толмаған Зере Галиева рейске жіберілмей, қараусыз қалып, бұл оқиға ата-аналардың алаңдаушылығын туғызды. Анығырақ айтсақ, 21 шілдеде Зере мен оның сыңары Зәуре Америкадан Оралға жету үшін Астана арқылы ұшуы тиіс болатын. Құжаттары толық бола тұра, Зәуре рейске жіберілді, ал Зере техникалық ақауға байланысты рейске тіркелмей қалған. Компания өкілдері жағдайды уақытша деп түсіндіргенімен, 12 жастағы қыз сол күні бейтаныс әуежайда жалғыз қалып қойды. Оның анасы Жазира Мусина бұл оқиғаны әлеуметтік желіде жариялап, қызының қатты қорқып, психологиялық соққы алғанын айтты. «FlyArystan» компаниясы өз кінәсін мойындап, кешірім сұрады.

− 21 шілдеде кәмелетке толмаған жолаушы Зере Галиева KC 7367 рейсімен Астанадан Орал қаласына ұшып шыға алмады. Әуе кемесі жолаушылар сыйымдылығы аз ұшаққа ауыстырылғандықтан, әуекомпания Зере Галиеваға ұшақ бортынан орын бере алмады. Әуекомпания агенттері борттағы жолаушыларға балаға орын беру туралы өтініш білдіріп, өтемақы ұсынды. Өкінішке орай, жолаушылар арасында ерікті табылған жоқ, – деп түсіндірді авиакомпания.

Авиация комитеті бұл жағдайды өрескел заң бұзушылық деп бағалап, компанияға қатысты тексеріс бастады. Комитет жолаушылар құқықтарының мүлтіксіз сақталуы керегін ескертті. «FlyArystan» бұл оқиғаға қатысты қызметтік тексеру жүргізетінін және болашақта осындай жағдайлар қайталанбас үшін процедураларды қайта қарайтынын мәлімдеді.

Тамыз оқиғасы мұнымен аяқталмады. Токиодан Цюрихке ұшып шыққан ұшақ Астана әуежайына шұғыл қонуға мәжбүр болды.

− Жергілікті уақыт бойынша сағат 16:00-де Boeing 777-300ER ұшағымен Токиодан Цюрихке ұшқан Swissair SWR161 рейсі Астана әуежайына қонды. Экипаж 50 жастағы жолаушының инсульт алды деген күдікке байланысты осындай шешім қабылдады, − деп хабарлады Астана әуежайы.

Сағат 16:00-де ұшақ жолаққа сәтті қонғаннан кейін, ұшу-қону жолындағы бұрылыс кезінде экипаж қателігінен ұшақ жолақтан сырғып кеткен. Әуежайдың баспасөз қызметінің хабарлауынша, осыған байланысты сағат 16:03-те апаттық-құтқару жұмыстарын жүргізу үшін дабылды ескерту жарияланды. Астана әуежайы сол күні барлық рейс үшін екі сағатқа жабылды. Осының салдарынан тұрақты рейстер де кешікті.

Рейстің кешігуіне байланысты тасымалдаушының жолаушыларға көрсететін міндетті қызметтері туралы ережелер маңызды. Жолаушылардың құқықтары мен жайлылығы сақталуы үшін, тасымалдаушы мынадай қызметтерді ұсынады. Егер жеті жасқа дейінгі балалар болса, жолаушыларға ана мен бала бөлмесі ұсынылуы қажет. Егер рейс екі сағаттан артық кешіксе, жолаушыларға ұзақтығы бес минуттан аспайтын екі телефон қоңырауы немесе екі электрондық хабарлама жіберуге мүмкіндік беріледі. Рейстің екі сағаттан артық кешігуі кезінде жолаушыларға сусындар берілуі тиіс. Рейстің төрт сағаттан артық кешігуі кезінде күндізгі уақытта әр алты сағат сайын, ал түнгі уақытта әр сегіз сағат сайын жолаушыларға ыстық тамақ ұсынылады. Егер рейсті күту уақыты күндіз сегіз сағаттан асса немесе түнгі уақытта алты сағаттан асса тасымалдаушы жолаушыларды қонақ үйге тегін орналастыруға міндетті. Одан кейін компания жолаушыларды әуежайдан қонақ үйге және кері қарай тасымалдауды ұйымдастырады. Бұл ережелер жолаушылардың құқықтарын қорғау мақсатында енгізілген және тасымалдаушының жауапкершілігін айқындайды.

Әлеуметтік желі пайдаланушылары әуежайда жолаушыларға бағытталған ақпараттық тақтайшалар, қызмет көрсету нұсқаулары мен белгілер қазақша жазылғанымен, кей сөздерде қате бар екенін айтқан еді. Сонымен қатар елдегі әуежайларда «розетка» сынды жолаушыға қажет заттардың аз екені жиі қозғалады. Әуе компанияларының ашықтығы да өзекті мәселеге айналған. «Qazaq air» компаниясы арқылы ұшатын жолаушы ақпараттық тақтайшадан өз қаласын таба алмай, нақты ақпарат үшін әуе компаниясының өкілдерімен де байланыса алмағанын жеткізді.

− Осы айда «Qazaq air» компаниясы арқылы Астанадан Қызылордаға келдім. Әуе компанияның өкілдерімен байланысып, қажетті жауап алу өте қиын. Бұған дейін мұндай мәселе болмаған еді. Тіпті рейс ақпараттық тақтадан да көрсетілмеді, − деді Маржан Батыржанқызы.

Желі қолданушылары әуежайдағы баға сая-саты туралы да түрлі пікір білдіреді. Бірі тым қымбат десе, екіншісі өзге елмен салыстырғанда қолжетімді баға дейді. Саяхатшы Аружан Әбдіржанмен әңгімелесу барысында шетелдегі бағалар туралы да сұрадық. Ол Түркия, Катар, Франция, Италия, Испания және Болгария елдерінде болған. Әсіресе Стамбул әуежайының ауқымдылығы мен жолаушыларға арналған жағдайлар ерекше әсер қалдырыпты.

− Стамбул әуежайындағы дүкендердегі бағалар қолжетімді. Мысалы, самсаның бағасы 500-600 теңге шамасында. Ал Қазақстанда бұл өнімнің бағасы шамамен 1000 теңгеден басталады. Катардағы әуежай ғимараты заманауи, бірақ бағалары өте қымбат. Кофе құны 2500-3000 теңгеден басталады. Ал Францияда су бағасы шамамен 500 теңге, бұл Алматыдағы бағамен бірдей. Болгариядағы дүкендердегі су мен тағамдар бағасы салыстырмалы түрде арзан. Еуропа елдерінен байқағаным, бақылаудан өткеннен кейін бос бөтелкіңізге тегін су құйып ала аласыз. Мұндайды біздің елде байқамадым, − деді саяхатшы Аружан Әбдіржан.

Шілде айындағы ресми деректерге сәйкес, 6 әуе компаниясы аптасына 640 рейс жиілігімен 53 бағытта жолаушыларға қызмет көрсетуде. Ішкі туризмді дамыту және әлеуметтік маңызы бар бағыттардың қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында елдің 9 өңірінде 19 ішкі авиа-маршрут субсидияланады. Бұл іс-шаралар ішкі әуе тасымалының қолжетімділігін арттырып, халықтың әуе қызметіне деген сұранысын қанағаттандыруға бағытталған.

Халықаралық әуе қатынасы да кеңеюде. Аптасына 619 рейс жиілігімен 107 бағыт бойынша 29 елге ұшырылады. Олардың арасында Ұлыбритания, Вьетнам, Германия, Грузия, Египет, Катар, Қытай, Малайзия, БАӘ және Таиланд секілді елдер бар. Бұл бағыттардың көбеюі Қазақстанның халықаралық байланыстарының нығаюына септігін тигізіп, шетелдік туристердің елімізге деген қызығушылығын арттырады.

Қызмет көрсету сапасын арттырудың ең тиімді жолы – бәсекелестікті күшейту. Бұл тек ішкі тұрақтылықты сақтап қана қоймай, еліміздің сыртқы беделін де арттырады. Әуе тасымалы – елдің имиджін қалыптастыратын маңызды сала. Сондықтан бұл саладағы әрбір қадам халықтың сенімін арттырып, ұшу сапарын жайсыздықтан жайлылыққа айналдыруы тиіс.

Әлия ТӘЖІБАЙ

«МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ» БАЙҚАУЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ

Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев «Мерейлі отбасы-2024» байқауының облыстық кезеңінде жеңіске жеткен отбасыларды марапаттап, жерлестерін алдағы Конституция, Отбасы күні мерекелерімен құттықтады.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Берекелі шаңырақ – елімізді үйлесімді әрі орнықты дамытудың мызғымас кепілі. Сондықтан мемлекет ана мен баланы қорғау жүйесін жетілдіруге, отбасы құндылықтарын ұлықтауға баса мән береді», – деді.

2013 жылдан бері қыркүйек айының екінші жексенбісі – Отбасы күні. Ал 2014 жылдан «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы өткізіліп келеді. Мерейлі отбасы – береке-бірлігімен, тәлім-тәрбиесімен, қалыптасқан қағидасымен, асыл қасиеттерімен баршаға өнеге. Сондықтан олардың үлгісін дәріптеп, тағылымын көпке тарату маңызды. Биылғы конкурс нәтижесімен 16 отбасы үздіктер қатарынан табылды. Барлығы өскен-өнген әулеттер мен шаңырақтар. Өңірлік комиссияның шешімімен Төлеміс Бектаевтың отбасы республикалық конкурста облысымыздың мерейін үстем етеді. Бүгінгі мерейлі күнде шаңырағында ізгі қарым-қатынас, игі дәстүрлер сақталып, өзара сыйластық салтанат құрған барлығыңызға ризашылығымызды білдіреміз, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Конкурс қорытындысымен «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы облыстық кезеңінің жеңімпазы болып Бектаевтар отбасы (Жалағаш ауданы) деп танылып, бас жүлде иеленді. Жаңақорғандық Мырзабаевтар отбасына I орын, қызылордалық Жарқынбековтер әулетіне II орын, сырдариялық Есекеевтер отбасына III орын берілді.

Мұнан бөлек, «Өнегелі отбасы» номинациясы Байқадамовтар отбасына (Қазалы ауданы), «Үлгілі отбасы» номинациясы Төрекожаевтар отбасына (Жаңақорған ауданы), «Ұлағатты отбасы» номинациясы Әбішбаевтар отбасына (Шиелі ауданы), «Ынтымақты отбасы» номинациясы Әбдіқалиевтер отбасына (Қармақшы ауданы), «Өнерлі отбасы» номинациясы Досмамбетовтер отбасына, (Арал ауданы), «Берекелі отбасы» номинациясы Жайсаңбаевтар отбасына (Қызылорда

қаласы) бұйырды. Конкурсқа қатысушыларды ынталандыру мақсатында «Еңбекқор отбасы» номинациясы Пірдашевтер отбасына (Қармақшы ауданы), «Жігерлі отбасы» номинациясы Шербатшаевтар отбасына (Сырдария ауданы), «Кемел отбасы» номинациясы Шалбаевтар отбасына (Арал ауданы), «Шуақты отбасы» номинациясы Мырзабаевтар отбасына (Шиелі ауданы), «Бәйтерек отбасы» номинациясы Шәкішевтер отбасына, (Қазалы ауданы), «Мәуелі отбасы» номинациясы Әзмахановтар отбасына (Жалағаш ауданы) табысталды.

Салтанатты іс-шара мерекелік концертке ұласты.

Бүгінде Қызылорда облысында отбасыларға қамқорлық пен көмек үздіксіз көрсетіліп келеді. Сондай-ақ на мен баланы қорғауға арналған қаржы, көпбалалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақы көлемі жыл сайын өсуде.

Аналардың 17 мыңға жуығы – «Алтын алқа» мен «Күміс алқа» иегерлері, 34 мыңға жуығы – көп балалы. Оларға ай сайын 2 млрд 85 млн теңге мемлекеттік жәрдемақы төленуде.

Елімізде Мемлекет басшысының, Үкіметтің қолдауымен халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған тың жобалар жүзеге асып келеді. Жас отбасыларды қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін «Сыр жастары» өңірлік тұрғын үй бағдарламасы қабылданды. Бағдарлама аясында жыл басында 60 жас отбасы қоныс тойын тойласа, жақын күндері 40 жас отбасына пәтер кілті табысталады.

«АЖ» ақпарат

ҰРЛЫҚ ТҮБІ – ҚОРЛЫҚ

Ислам дінінде тыйым салған ауыр күнәлардың бірі – ұрлық жасау. Бұл адам баласын екі дүниеде де құрдымға ұшырататын жиіркенішті амал. Ғалымдарымыз ұрлық жасап, кісі ақысын жеуді Аллаға серік келтіруден кейінгі үлкен күнәға жатқызған. Себебі, кісі Құдай Тағаланың құзырына біреудің ақысын арқалап баратын болса, ақысы кеткен адам «мен оны кештім» демейінше әлгі пендені Алла Тағала да кешірмейді.

Қасиетті Құранның «Бақара» сүресі, 188-аятында: «Бір-біріңнің малыңды нақақтан-нақақ жемеңдер...», – деп ескертсе, «Ниса» сүресі, 112-аятында:«Сондай-ақ кімде-кім кішігірім күнә істеп немесе (ұрлық-қарлық, кісі өлтіру сынды) кісі ақысына қатысты ауыр күнә істеп, кейін оны бейкүнә біреуге жаба салса, шүбәсіз, жала жапқан һәм анық әрі үлкен күнә арқалаған болады», – деп кісі ақысын аяқ-асты етуді ауыр күнәға жатқызған.

Дана халқымыз ұрпағына қалдырған өсиеттерінде кісі ақысына қатты көңіл бөлген. Бұқар жырау: «Кісі ақысын көп жеген арам емей немене?», – деп бұл істің «арам» екенін айтса, Құлтума Сармұратұлы: «...Харам іске жұмсайсың өнеріңді, Зар жылатып момынның жейсің малын, Иманыңнан білмейсің төлеріңді...», – деп ақыреттегі жазасы ауыр екенін айтқан.

Бірде Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сахабаларынан: «Мүфлис деген кім екенін білесіңдер ме?»– деп сұрады. Сахабалар: «Мүфлис дегеніміз – ақшасы, мал-дүниесі жоқ адам»,– деп жауап берді. Қазіргі терминмен айтсақ «кедей адам». Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Мүфлис деген – олар менің үмметтерімнен, қиямет күні намаз, зекет, қажылық, ораза сияқты құлшылықтарымен келеді. Бірақ елге зиян шеккізген, ұрлық жасап біреудің ақысын жеген, балағаттаған адамнан кейін жапа шеккендер келіп ол адамнан өз ақыларын алады (әр адам келіп, оның істеген сауаптарынан алады). Кейін оның істеген жақсы амалдары бітеді, бірақ ақысын сұрап кезекте тұрғандар бітпейді. Сол кезде олардың күнәлары алынып, бұл кісінің күнәларына артылады», – дейді.

Ұрлықпен келген дүние, жиналған мал ешқашан адамға пайда алып келмейді. Қайта берекетсіздік пен бақытсыздыққа душар етеді. Хакім Абай атамыз:

Құлық, сұмдық, ұрлықпен мал жиналмас,
Сұм нәпсің үйір болса, тез тыйылмас.
Зиян шекпей қалмайсың, ондай істен,
Мал кетер, мазаң кетер, ар бұйырмас, – деп

ұрлық жасаудың зиянын атап өтеді.

Дана халқымызда: «Сұқ семірмес, ұры байымас» немесе «жолдасың ұры болса қазаның таза болмас» деп ұрпақты осындай әрекеттің берекесіз екенін ескертіп, әрқашан жирендіріп отырған.

Пайғамбары (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Зинақор зина жасағанда иманды емес, ұры адам ұрлық істеп жатқанда иманды емес, арақ ішуші арақ ішіп жатқан кезде иманды емес», – деп ұрлық жасаудың мұсылманға тән емес сипат екендігін айтқан.

Тағы бірде Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Сендердің араларында бауырына қиянат жасағандар болса, онда оны осы дүниеде шешсін! Өйткені, Қиямет күні динар да, дирхам да болмайды. Ол күні тек істеген амалдар ғана жауапқа тартылады», – дейді. Сондықтан кісі ақысына кіріп, нақақтан ұрлық жасаған адам тәубе етіп, ұрлаған затын қайтарып, кешірімін алуы тиіс.

Ертеректе ғұмыр кешкен, ислам әлеміндегі білім мен ғылымның биік дәрежесіне жеткен әйгілі тұлғалардың бірі Фудойл ибн Иадтың ғұмыры бізге өнеге. Ол Хақтың жолына түсіп, тәубеге келгенге дейін елді қан қақсатып, керуенді тонап, ұрлықпен айналысатын.

Бір күні Фудойл ибн Иад бір үйді тонау үшін сол үйдің қабырғасына өрмелеп шығады. Үй иесі кәрі адам еді. Қария сол сәтте қолындағы кітабын ашып, кішкентай шырағын жағып, жүзін құбыла жаққа бұрды. Кітапты оқыған кездерде көзінен жас моншақтап ағып, бүкіл денесін жуып кетті. Қарт адамның оқыған кітабы-Алланың сөзі, қасиетті Құран Кәрім болатын. Бұл көріністі көз алдыңызға елестетіңіз, яғни екі түрлі әлемді, екі түрлі өмірдің айшықтарына куә болатыныңыз хақ.

Бірі – әйгілі қарақшы, оның намазы да, оразасы да, құлшылығы да, жүрегінде зікірі де жоқ. Тіпті Фудойлдің Хақ Тағалаға жақындайын деген ниеті де болмаған.

Ал екіншісі – іңкәр жүрекпен, Аллаға деген риясыз көңілмен, шексіз махаббатпен Ұлы Жаратушысын еске алады. Тәубенің көз жасы бүкіл тұла бойын тебірентіп, жан дүниесі елжіреп Құран оқиды, Алла сөзінің нұрымен жүрегін тірілтеді. Үйдің иесі төмендегі аяттарды оқыды:«Әлде саған (уа, Пайғамбар) Раббыңнан түсірілгеннің ақиқат екендігін білетін жан соқыр біреу сияқты бола ма? Асылында, ақыл иелері үгіт алады» (Рағыд, 19).

Келесі ретте Фудойл тағы да мынадай аяттарды тыңдады:«(Сол кәпір жақсы ма) әлде түні бойы ақыреттен сақтанып, Раббысының рақымынан үміт ете (намазда) сәжде қылып һәм тік тұрып бойұсынатын жан ба? (Уа, Мұхаммед!) «Білетіндер мен білмейтіндер тең бе?» – деп айт. Шын мәнінде ақыл иелері ғана үгіт алады»(Зүмар, 9).

Фудойл екі қолын төмен түсіріп, жерге отырған күйде дана қарттың жүзіне қадала қарады. Бұл ізгі адамның қасында әкесіне ас пісіріп жатқан қызы бар болатын. Алайда Фудойл оларды тонамақ мақсатпен келсе де, белгісіз себеппен оларға ешбір батылдығы жетпеді. Мысы басылып, бастапқы райынан қайтқан-ды. Ол өте қуатты адам болса, үй иесі өзін ешкімнен қорғай алмайтын қаусаған әлсіз қарт еді. Осы тұста Ұлы Жаратушының даналығы мен шексіз мейіріміне қараңыз. Көкірегі ізгілікке тұнған қария келесі кезекте мына аяттарды оқыды:«Әлде иман келтіргендерге жүректері Алланың зікірінен және Оның ақиқаттан түсіргенінен (Құраннан) қорқатын уақыт әлі келмеген бе?»(Хадид, 16).

Алланың ақиқат сөздері, аталмыш аят, қарақшы Фудойлдың ғапылдықта қалған жүрегін жібітіп, жан әлемін қалың ұйқыдан оятты. Бір сәтте-ақ жаралы адамға ұқсап, жүзі құбылып, жан дүниесі өзгеріп сала берді.

Фудойл жүзін көкке бұрып:«Уа, Алла Тағала! Менің уақытым да жетті. Бүгіннен бастап, мен өзіңнің алдыңда тәубеме келдім», - деп өткен өмірдің күңгірт һәм көңілсіз тұстарынан қашықтап, терең ықыласпен өкініш білдірді. Содан кейін ол шатырдан түсіп, жуынып, таза киімдерін киіп, мешітке қарай қадам басты. Жүрегі өкініш пен тәубенің жасына толған болатын. Мейірімді, жарылқаушы Алла оның шынайы тәубесін қабыл етіп, оны ислам тарихындағы көрнекті ғалым мен имам дәрежесіне жеткізді.

Алла Тағала біздерге ұрлық жасамақ тұрмақ, біреудің дүниесіне көз сұғуымыз жөнсіз әрекет екенін ескертеді. Алла Тағала қасиетті Құрандағы «Taha» сүресінің 131-аятында:

«Біз олардың кейбіріне сынау үшін берген байлыққа көзіңді сүзбе. Раббыңның несібесі қайырлы да тұрақты», – деп айтқан.

Яғни, ұрлық жасаудың себептерінің бірі - өзгенің қолындағы дүниеге қызығу, адал жолмен қол жеткізе алмағандықтан арам жолмен иемденуге тырысу. Ардақты Пайғамбар (с.ғ.с) да осыны ескертіп: «Мұсылманның қаны, дүние мүлкі және ар-намысы келесі мұсылман үшін харам», – деген.

Баяғыда кедей тұратын, бірақ та бала тәрбиесіне, әдет-ғұрыпқа үлкен мән беретін үйдің аяғы ауыр жас келіні қымызға жерік болса керек. Үйінде сауып ішетін биесі жоқ, көрші үйге қымыз ішкісі келіп бара қалса, есік ашық, үйде ешкім жоқ екен. Ілулі тұрған торсықтағы қымызға көзі түседі. Алып ішейін десе, бойы жетпейді, торсықтың бүйірін тесіп, түтік шимен бірер жұтып, тесікті қайта бекітіп шығып кетеді.

Қаншама жылдар өткенде сол келіншектің баласы тура сол көрші үйдің балаларымен ойнап жүріп, әлдебір затты ұрлап кеткені белгілі болады. Баяғыда қымызды тесіп, ұрлап ішкені болмаса, ол келіншек баласын тағылымды тәрбиемен өсірген, қай жерден қателескенін есіне түсіре алмайды. Сонда баяғы көрші үйдің бәйбішесі келіншекті ұлымен бірге үйіне шақырып, алдымен екеуінен кешірім сұрайды. Мән-жайды түсінбеген келіншек: «Неге кешірім сұрайсыз, біз сіздің үйдің мүлкін ұрлап, кірерге тесік таппай тұрмыз емес пе?» – дейді. Сонда бәйбіше бір шындықтың бетін ашып: «Осы балаға аяғың ауыр кезде қымызға жерік болып, біздің үйге қымыз ішкің келіп кірген болатынсың. Мен сыртта жүр едім, сен үйде біз жоқ болсақ та, жерік асың ұятқа жеңістік бермей торсықтағы қымызды түтікпен бірер ұрттадың. Соны мен сыртта жүріп көріп қалдым, бірақ қылмысқа баламап едім, ұялып қалар деп өтірік көрмеген болдым. Сонда өзім шақырып алып, жерік асыңды сұратпай, ұрлатпай ұсынуым керек еді, кішкентай түтікпен жұтқан бір жұтым қымызың мына баланың болмашы қылығы болып шығып тұрғанын қарасайшы!..» – деген екен.

Бұл ғибратты оқиғадан ұрлық үлкен-кіші деп бөлінбейтінін, ұрлық жасау ұрпағымызға тікелей әсер ететінін ұғынсақ болады. Алла елшісі: «Алла Тағала (болмайтын бір) жіп ұрлап қолы кесілген ұрлықшыны лағынет атады», – деген. Яғни хадисте «жіп» деуі арқылы мардымсыз дүниенің өзі ұрлық екенін, тіпті,үлкен күнәға жататынын айтуда.

Хәкім Абай мал табуды қалаған, алайда оны арам жолмен табуды көздейтіндерді сынап: «Мал үшін қам жейді екен, бірақ ол малды қалайша табуды білмейді екен. Әйтеуір ұрлық, қулық-сұмдық, тіленшілік, соған ұқсаған қылықтың қайсысын болса да қылып жүріп, мал тапса, жазалы демесек керек екен», – дейді.

Ендеше әрқайсымыз Алла Тағаланың мейірімінен алыс ететін, адамды екі дүниеде қор қылатын ұрлық деген сипаттан ада болуымыз қажет.

Еліміз аман, жұртымыз тыныш болып, күнәлі әрекеттерден аулақ болайық!

Айтжан МҰСАҰЛЫ,
ҚМДБ «Жастар ісі» секторының, Қызылорда облысы бойынша меңгерушісі

Облыс әкімінің гранты табысталды

Басы 1-бетте

2013 жылдан бастап өңірге қажетті мамандарды даярлау үшін аймақ басшысының гранты тұрмысы төмен және әлеуметтік осал, көпбалалы отбасыдан шыққан абитуренттердің тегін оқуын қамтамасыз етіп келеді. Бүгінде аталған гранттың игілігін 1425 студент көрді.

Биыл 100 әкім гранты арнайы құрылған комиссия шешімімен 69 үміткерге берілді. Қызылорда қаласы мен аудан әкімдіктері жанынан құрылған комиссиялардың ұсыныстары негізінде грант қала және аудан бөлінісінде бекітіліп, жолданады.

Өңірде педагогика мамандарының жеткілікті болуына байланысты әкім гранты бұл бағытқа қарастырылмады. Олардың қандай мамандыққа және кімдерге берілгендігі туралы облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ғабит Жаңабаев өңірлік БАҚ өкілдеріне берген баспасөзінде баяндады.

– Жоспарланған 100 мамандықты даярлау үшін жоғары оқу орындар арасындағы бөлініс келесідей болатын: Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетіне 55, Қызылорда «Болашақ» университетіне 10, Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясына 5 грант, Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетіне 13 грант, Қарағанды медицина университетіне 7 грант, 8 грант С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университеті, 2 грант Нұр-Мүбарак Египит Ислам мәдениеті университеттеріне тағайындалды. Тағайындалған гранттар бойынша дизайн – 1, журналистика және репортер ісі – 1, әлеуметтік жұмыс – 2, ақпараттық жүйе – 2, көлікті пайдалану және жүк қозғалысымен тасымалдауды ұйымдастыру - 2, исламтану мамандығына – 2, азық – түлік өнімдерін өндіру – 2, көлікті пайдалану технологиялары – 2, дәстүрлі музыка өнері – 3, археология және этнология мамандығына – 4 грант, аударма ісі - 6, ақпараттық қауіпсіздік жүйелері – 10, экология және табиғатты пайдалану – 13, жалпы медицинаға – 19 грант тағайындалды, – дейді Ғабит Жаңабаев.

Әкім грантын алуға кімдер өтініш бере алады?

Балалар үйінің тәрбиеленушілері, мүгедектігі бар, жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, асыраушысынан айырылған отбасының балалары, сондай-ақ ата-анасының екеуі де зейнеткер болып табылатын, ата-анасының екеуі немесе біреуі мүгедек болған жағдайда, көп балалы отбасы немесе аз қамтылған отбасыдан шыққан балалар әкім грантының үміткері атана алады. Сондай-ақ құзырлы комиссия отбасының жан басына шаққандағы орташа табысы есептелініп, критерийге сай келмеген үміткерлерге грант тағайындамауға шешім қабылдады.

Атап өткен 69 әкім гранты мынадай әлеуметтік санаттарды қамтыды: 35-і көп балалы отбасыларға, 11-і ата анасының біреуі мүгедек, 11-і асыраушысынан айырылған отбасыға, 7-і аз қамтылған отбасыға, 2-уі мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге, 2-і толық емес отбасыға, 1-уі бала жасынан мүгедектігі бар балаға табысталды. БАҚ, өндіріс, өнер, экология, медицина секілді маңызды салаларға бөлінді.

– ҰБТ-дан аз ұпай алып, салым суға кеткен еді. Алайда облыс әкімі грант бөлді дегенді естіп, өз бағымды сынап көрдім. Шүкір, қалаған мамандықтың грант иегері атанып, тегін оқуға мүмкіндік алдым. Үміті үзілген жастарға үлкен мүмкіндік берген бұл грант үшін алғысым шексіз, – дейді түлек Бибісара Батырова.

Иә, мемлекет халықтың жағдайын барынша жақсартуға тырысып, әсіресе болашақ мамандардың сапалы білім алуын қамтамасыз етуге арналған жүйелі жұмыс атқаруда. Бұл игі жақсылық мемлекеттің алдыңғы қатардан көрініп, парасатты жастардың көбеюіне себеп болады деп сенеміз.

«АЖ» ақпарат

ӨҢІРЛІК КАДРЛЫҚ РЕЗЕРВКЕ 25 АДАМ ҚАБЫЛДАНДЫ

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, 1 наурыздан бастап еліміздің барлық өңірлерінде, республикалық маңызы бар қалаларда және Астанада өңірлік кадрлық резервтерге іріктеу жұмыстарының басталғаны белгілі. Жобаның басты мақсаты – жас басқарушылардың өңірлік пулдарын қалыптастырып, өңірлерді дамытуға талантты жастарды тартуды көздейді. Облыс бойынша іріктеудің алғашқы кезеңінде 235 үміткердің құжаты қабылданып, 23 тамыз күні өткен комиссияның соңғы отырысы бойынша 25 үміткер жеңімпаз боп танылды. Бұл туралы бүгін Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы Ерлеген Мендалиев мәлімдеді.

– Өңірімізде өткен кадр резервіне іріктеуге қатысты тапсырмаға орай, өткен жылдың 11 қазанында Қызылорда облысының кадр комиссиясы құрылды. Комиссияның алғашқы отырысында өңірлік резервтерді іріктеудің сапалық бағыттары айқындалды. Іріктеудің бірінші кезеңінде өңірлік кадрлық резервке 235 үміткердің құжаты қабылданды. Екінші кезең екі блокта өтті. Алғашқы блогы – заңнаманы білуге арналған тестілеуге 226 үміткер тіркеліп, оның 220-сы тестілеу тапсырды, 6 үміткер тестілеу өтуден бас тартты. Ал, екінші блок – жеке қасиеттерді бағалауға арналған тестілеуге 115 үміткер жіберіліп, оның 114-і тіркеліп, тестілеуден өтті. Нәтижесінде, 51 үміткер кадр резервінің үшінші кезеңіне жіберілді. Бұл «Құзыреттерді бағалау» кезеңі осы жылдың 13-29 мамыр аралығында Астана қаласында Мемлекеттік басқару академиясының базасында оффлайн форматта жүргізілді.

Аталған 51 үміткердің басым бөлігі мемлекеттік қызметкерлер, халыққа қызмет көрсету орталықтарының және жеке сектордың жұмыскерлері мен мұғалімдерді құрады. Конкурстың 4 кезеңіне ниет білдірген үміткерлер саны 48 адам болды. Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы басқару академиясында жүргізілген ассесмент қорытындысымен 40 үміткер конкурстың төртінші кезеңі комиссияның құрылымдық сұқбаттасуына жіберілді. Олардың 3-еуі жеке себептерімен конкурсқа қатысудан бас тартып, 37 үміткердің қатысуымен 20 және 22 тамыз күндері өңірлік комиссияның құрылымдық сұқбаты өтті.

Айта кету керек, құрылымдық сұқбат барысында іс-сапардағы немесе өзге өңірлерден қатысушы кандидаттарға қашықтықтан «ZOOM» платформасы арқылы қатысу мүмкіндігі берілді. Ал 23 тамызда комиссияның соңғы бесінші кезеңі өңірлік комиссия жұмысының қорытындысы шығып, 25 үміткер жеңімпаз болып танылды. Олардың 12-сі әлеуметтік салада, 4-еуі индустрия және өнеркәсіп саласында, 3-еуі агроөнеркәсіп, 3-еуі экономика, 2-еуі экология және 1 үміткеріміз цифрландыру саласы бойынша өңірлік кадрлық резервтің тізіміне енгізілді. Резервте болу мерзімі 2 жылды құрайды. Алдағы екі жыл ішінде кадр резервіне қабылданған үміткерлерге жергілікті атқарушы органдардың «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына арналған конкурстан өтпестен орналаса алады, – деді Ерлеген Жәрдемұлы.

«АЖ» ақпарат

БАСЫ 1-БЕТТЕ

АҚЫНДЫҚ ЕМЕС,

ҰСТАЗДЫҚ ЖОЛДЫ ТАҢДАДЫМ

– Ұйымдастырушылық қызмет сол кезде басталған екен ғой... Анаңыздан гөрі әкеңіз туралы көп айтасыз. Ата-анаңыз педагог болған ба?

– Дұрыс айтасыз, қыз бала болсам да әкеме жақын болдым. Өзім 6 ұлдан кейін дүниеге келіппін. Сондықтан қыз бала деп ерекшелеген болар, ата-анамның мейіріміне бөленіп өстім. Әкем ұстаз еді. Педагогика саласына келуіме де сол кісі себепкер болды. Ұстаздық жолды таңдар кезде «Қызым, ойлан. Дипломы болса, мұғалім болу қиын емес. Ал ұстаз болу екінің бірінің қолынан келмейді. Ұстаз болу үшін сол балаға ата-ана, кейде дос, тіпті бауыр бола алуың керек. Баланың жандүниесін түсініп, ол «менің ұстазым» деп айта алатындай тұлға болып қалыптасуың қажет» деген еді. Осыдан кейін көп ойландым. Әкемнің оқушылармен қарым-қатынасына қарап, ұстаз болуға деген ұмтылысым күшейді.

Бір үйде тұрсақ та оқушы кезімнен-ақ әкем екеуміз хат жазысатынбыз. Әкем хатты столымның үстіне қойып кететін. Көбіне ауа райын, мектептегі оқиғалар, күнделікті жаңалықты айтудан бастайтынбыз. Бірақ хаттың соңын әкем «Әлемде осындай оқиға болып жатыр екен. Сенің ойың қалай? «Абай жолындағы» мына сөзді қалай түсінесің?» дегендей сұрақпен аяқтайтын. Қазіргідей интернет жоқ, сол сауалдың жауабын табу үшін кітап оқып, ізденген кезім көп болды. Мұнан кейін түсінгенімді, өз ойымды жазатынмын. Осы арқылы әкем көзқарасымды қалыптастырып, пікірімді ашық жеткізуге үйретті.

– «Әкемен хат» – тәрбиенің ерекше әдісі екен... Еңбек жолыңыз Аралдан басталды. Негізгі мамандығыңыз информатика саласына қатысты. Бірақ қызмет барысында нақты ғылым саласын емес, жастар тәрбиесін таңдадыңыз. Неліктен?

– Иә, еңбек жолым мұғалімдіктен басталып, оқушыларды жарысқа, олимпиадаларға қатыстыратынмын. Бірақ кішкентайымнан ұйымдастырушылыққа бейім болдым. Магистратура оқығанда ғалымдар Мұрат Айтимов, Нұрайым Кенжебекқызымен бірлесіп ғылыми мақала жазып, зерттеулер жүргіздік. Бірақ адам өзі жақсы көрген саладан алыс кете алмайды екен. Магистратурадан кейін қайтадан тәрбие саласына келдім. Өзім де балаларды ерекше жақсы көремін. Ал әкем «бастаған ісіңді соңына жеткізгенше жан-жағыңа аландама, жауапкершіліктен қашпа» деп отыратын. Студенттердің көбі ауылдан келеді, ата-аналары алыста. Сондықтан оларды жақсы ортаға қосып, бағыт-бағдар беру негізгі міндетім деп ойламын. Ал жастарды түсіну үшін өзің солармен бірдей болып, бір бағытта жүруге тырысасың. Кейде шынымен, күні-түні бірге жүруге тура келеді. Олар шыңға шықса қуанып, жығылса демеу бола білуің қажет. Менің үйіме келген әрбір студентті «Мені бөлім басшысы деп емес, әпке деп келіндер» деп қарсы аламын.

– Сізді тек жастар саласының маманы емес, ақын деп те танимыз.

«Ойлар жатыр шашырап бірікпеген,
Жымиып сонда да мен күліп келем.
Пендеге берілсе де қанша сынақ,
Көз салады алысқа үмітпенен», – депсіз бір өлеңіңізде. Сыртыңыз бүтін болғанымен, ішіңізде дауыл болатын сәттер көп пе?

– Өлеңдерімді жариялағаныммен, мен өзімді ақын санамаймын. Ақындық емес, ұстаздық жолды таңдаған адаммын. Бала күнімнен өлең жазатынмын. Бірде алғаш рет мүшәйраға қатысып, аудандық кезеңнен өтіп, облыстық жарысқа келдім. Өлеңімді әкем тексеріп берген, жақсы туынды болатын. Бірақ ешқандай орын алмадым. Сол кезде тіпті менің бала көзқарасыммен қарасақ та, жарамайды ғой деген өлеңге орын берілді. Содан кейін «енді өлең жазбаймын» деп жылаған болатынмын. Сонда әкем «Ақын бол демеймін. Өлеңді орын алу үшін жазбайсың. Бірақ ойыңды қағазбен бөлісіп үйрен. Сырыңды адамға айта алмаған кезде, өлең жеңілдеуге көмектеседі» деген болатын. Содан кейін қайтадан жаза бастадым. Бірақ студент кездегі жазбаларым жоғалып кетіп, кейіннен әлеуметтік желі шыққасын, жақындарым өлеңдеріңді осында жарияласаңшы деп ақыл қосты. Бірақ мен ақын емеспін. Жай ғана қолыма қалам алып, қағазға сыр шертемін.

Ал негізгі сұраққа келсек, сырт бейнеге қарап, адамды бағалау қиын шығар деп ойлаймын. Әрине, күліп жүрген адамның ішінде қаншалықты мұң мен сыр жатқаны бір Аллаға һәм сол адамға ғана аян. Адам болғаннан кейін Жаратқанның сынақтарына төтеп беруіміз керек. Әртүрлі жағдайлар болады. Бір жерде сынып, бір жерде тұрып, жылап қалғаным жоқ. «Өмір, өмір! Болмайды түңілуге, Мәңгі сені жазбаған сүрінуге, Қайта тұрып қақың бар жүгіруге» деп Мұқағали Мақатаев айтқандай, қандай жағдайда да қайта тұрып жүгіріп келемін. Ондай сәттер әрбір адамда болады.

Осы жөнінде:

Басты ұстаным болу керек – мықтылық,
Өмір келет(ді) маған соны ұқтырып,
Әркез күліп, алға жүру керексің,

Қойма өзіңді мына өмірге жықтырып, – деп бұрын жазғаным бар еді. Әкемнің «Сен құлап жатсаң, біреу күліп қарайды, біреу таптап өтіп кетеді. Жығылсаң да жүруді тоқтатпа» деген ақылымен алға ұмтылып келемін. Қай кезде де мұңды сәттерді емес, жақсылықты бөліскенді ұнатамын.

Әкем де анам да өмірден өтті. Олардың артынан ағаларым да өмірден озды. Дүниеде барлығын да жеңе аласың, бірақ жақындарыңды жоғалтқанда сынып қалатын сәттер болады. Ол да Алланың жазуы. Аллаға шүкір, ұлым, қызым бар. Сондықтан алға қарай жүру керек. Университеттегі студенттердің бәрі маған балам секілді. Кейде оларды әлеуметтік желіге «балам» деп салсам, «өзі сізде қанша бала бар?» деп сұрап жатады. «Көпбалалы анамын» деп жауап беремін. Сол балалар келіп, «маған сіздің ақылыңыз керек еді» дегенде, өзімнің кеңес беріп, қолдай алатын адам болғанына қуанамын.

Адамға көмектесу – адам ретіндегі миссиям. Аяқтан шалғысы келетіндер, сыртыннан ғайбаттайтындар да болады. Сондай сөздерді өзім де естіп қаламын. Бірақ мен ондайларға ренжіген емеспін. Себебі өмірге барлық адамға ұнау үшін келген жоқпыз. Кейде сондай адамдарды көргенде, бұрынғыша амандасып жүре беремін. Мүмкін кейін ойы өзгерер. Кек сақтамаймын. Кек сақтау – өзіннің жан-жүрегінді қарайту секілді.

– Мен бүгін келеді кешіргім,
Біреуді емес, бәрін де кешірдім.
Көріп тұрып – көрмегенді де,
Біліп тұрып – білмегенді де.
Жаныңа жақын тартқанмен,
Көңілін – бөлмегенді де.
Кешірдім, – деген өлең шумақтарыңыз бар. Кешіру үшін жан тынышталуы керек. Неден қуат аласыз?

– Бауырларым мен балаларымнан. Содан кейін қаншама студенттер, шәкірттерім «сізден көмек керек» деп тұрғанда, менің мұңайғаным жарамайды. Мен оларға қараймын да еңсемді тіктеймін.

– Ақындардың барлығы тағдырлы болып өмірге келгендей, ғұмыры «ерекше» секілді көрінеді. Жалпы шығармашылық адамдары бір туындыны жазу үшін «оқиға» керек пе, қалай ойлайсыз?

– Өзімді ақын санамағандықтан, ақынның жолын зерттеп көрмеппін. Бірақ әр адамның өз тағдыры бар. Біреу сезініп, біреу сезінбей өлең жазады. Біреулер «қандай ақынды үлгі тұтасың?» деп сұрап қалады. Ондай да жоқ менде. Жас ақындарды да сынай алмаймын. Әркімнің туындысы – өзі үшін өлең.

– Докторантураға қабылданғаныңыздан хабардармыз. Ақпараттық салаға қатысты ма?

– Алдағы уақытта мені ғылымның қазақ тілі мен әдебиеті саласынан көре аласыздар. Менің негізгі мамандығымды сіз біліп отырғаныңызбен, көбі «қазақ тілі мұғалімісіз бе, әлде журналист, психологсыз ба?» деп сұрап жатады.

Мектеп бітіргесін мамандық таңдарда әдебиетке жақын болғаныммен достарыммен бірге заманның талабына сәйкес жаңа сала деп информатиканы таңдауды жөн көрдім. Бірақ бәрібір әдеби шығармаларды оқып, сол бағыттағы жаңалықтарға елеңдеп тұратының рас. Бірде профессор, филология ғылымдарының кандидаты Ғабит Тұяқбаевтың әдеби шығармаларды талдауын тыңдадым, кейін жолығып, кеңесу барысында әдебиетке деген құштарлығымның ерекше екенін білдім. Сондықтан осы саланы таңдауды жөн көрдім. Алдағы уақытта екі саланы ұштастырып, ғылыми зерттеулер жүргіземін деген ойдамын.

– Жастар тақырыбына оралайық. Кейде мектепте сынып жетекші өзі ұнатқан оқушыны көтермелей беретіні бар. Жастардың арасында да жағдай солай ма? Барлық студенттің талабын танып, қабілетін ашу мүмкін бе?

– «Талаптыға нұр жауар» деген сөз бар ғой. Негізі ұстаздар талпынып тұрған баланың бетінен қақпайды. Кейбір жастар оқу орнына келгеннен-ақ алға ұмтылады. Ал кейбір баланы қанша жетелесең де, ештеңе шықпайды. Сондықтан жастар жалқауланбау керек.

– Университет жастарын жазда Түркияға алып бардыңыздар. Бұл сапардың ерекшелігі неде?

– Бұл сапар екі елдің қолдауымен ұйымдастырылды. Ерекше айта кету керек, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде жастарды қолдау жұмыстарына көп көңіл бөлінеді. Білім алушылардың идеясын іске асыру, тұлғалық қабілеттерін ашу мақсатында қандай шара өтсе де, қанша қаражат жұмсалатын болса да университет басшылығы аянып қалған емес. Осы орайда университет ректоры Бейбіткүл Сәрсемханқызына алғыс айтамыз. Осындай қолдаудың бір көрінісі – жуырда университет жастары Түркияға барып келді. Ал оқу орнының демеушілігімен ел ішіндегі байқаулар мен ғылыми, мәдени, кәсіпкерлік бағыттағы шараларға барып жатқан студенттер қаншама?! Білім алушылар «Академиялық ұтқырлық» бағдарламасымен де шетелде білім ала алады. Бірақ бұл сапардың жөні бөлек. Түбі бір түркі жұртының тарихы да, әдет-ғұрыптары да ұқсас. Сондықтан жастар Түркияның мәдени орындарымен танысып, рухани азық жинады.

– Жұмыс студенттермен тікелей байланысты. Көңілді сәттер көп болатын шығар? Қызықты оқиғамен бөлісіңізші...

– Жыл сайын оқу орнында жайдарман ойындары өтеді. Бірде мынадай жағдай болды. Күзде басталған жайдарман ойыншылары кезеңдік сайыстардан өтіп, көктемгі финалдық ойындарға жеткен кезіміз. Ақтық сын. Командалардың бәрі мықты. Қазылар алқасының құрамында отырмыз. Бір кезде сахналық көрініске ректор Бейбіткүл Сәрсемханқызының өзі шыға келмесі бар ма? Шынымды айтсам, мүлде күтпеген образ болды. Қарбаласқа толы қызмет барысында басшының студенттер көңілін қимай, жайдарманға қатысуы қатты таңғалдырды. Сайысты ұйымдастырып жүрген біз де аңғармай қалдық. Ректор жастармен бірге спорттық шарада бақ сынап, сенбілікке баратыны рас. Бірақ дәл осылай күтпеген жерден шыға келгенде қатты таңғалып әрі қуанғаным есімде.

– Сізді көпшілік жастар жанашыры деп те, ақын деп те таниды. Бірақ жыр жинақтарыңызды, бұған дейінгі сұхбаттарды кездестірмедім...

– Жыр жинақтарым жоқ. Бірақ таныстарым жыр жинағыңды шығарайық деп қолқа салғаны бар. Дегенмен мен өзімді ақын санамаған соң, мұны жөн көрмей, басқа адамдарды ұсындым. Бірақ олар сенің жинағың болса ғана шығарайық деп, ұсыныс қалып қойды. Ал сұхбатқа келсек, мен өзімді көрсетуге талпынбаймын. Оның орнына артымнан ерген жас дарын жарқырай көрінсе екен деп тұрамын.

– Сұхбат үшін рақмет!

Әңгімелескен Айдана ЖҰМАДИНОВА

«NAZARAL»: БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАЙТЫН ҚОСЫМША

Ақтөбе қаласынының Ұзақбай Құлымбетов атындағы №64 мектебінің 10-сынып оқушысы Тұмар Смағұл «NazarAI» қосымшасын ойлап тапты. Осы қосымша арқылы ол жасанды интеллекттің көмегімен мектеп оқушыларына төнген қауіп туралы ақпаратты құзыретті органдарға хабарлауға мүмкіндік алды. Осы орайда ЖИ және IT саласына серпін әкеліп, дарынымен талайды тамсандырған Тұмар Смағұлмен сұхбаттасудың сәті түсті.



– Бұл қосымшаны ойлап табуға не түрткі болды?

– Қауіпсіздік тақырыбы қазір өзекті мәселе. Әлемде және елімізде болуы мүмкін қауіптен сақтану үшін қауіпсіздік шараларын күшейту маңызды деп есептеймін. Сол себепті технологиялық жетістіктерімізді қолдана отырып, қауіпсіздік бағытында пайдалы дүние ойлап табуға күш салдым. Қосымшаны іске қосқаннан кейін құзырлы органдармен тілдескен едік. Оларға бұл қосымша өте тиімді. Айтуларынша, өте пайдалы бағдарлама.

– «NazarAI» қосымшасында қандай технологиялар мен алгоритмдер қолданылады?

– «NazarAI» қосымшасының негізгі 2 функциясы бар. Біріншісі, оқушының бетін анықтау және танылған оқушы камераға түскен сәтте скрин арқылы «Ата-аналарға хабарлама» атты телеграмм каналға жіберу. Ал екіншісі, оқушы екі қолын жоғарыға көтеріп, қауіп төнгенінен хабардар етсе, оқушының компьютерлік моделі құрастырылып, қол буындары градустары арасында есептеулер жүргізеді. Қосымша қауіпті анықтаған соң, «Дабыл» атты телеграмм каналға скрин жібереді. Бұл телеграмм каналға ішкі істер органдарының арнайы бөлімі және мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары тіркелген.

– Қосымшаны дамытуда қандай кедергілер болды?

– Әрине, қиындықсыз ешқандай жұмыс болмайды. Алайда бұл берілуге себеп емес еді. «NazarAI» үшін камера, интернет желісі және компьютер керек болды. Ал камераның сапасы төмен болғанына байланысты шамалы қиындық тудырды. Дегенмен бұл ойлағанымды жүзеге асыруға кедергі болмады. Қажетті құралдар толыққан соң, қолданбаның жұмысын мектеп оқушыларымен бірлесе тәжірибеден өткіздік. Еңбегіңнің жемісін көргеннен кейін, арқаңнан ауыр жүк түскендей жеңілдік сезінеді екенсің...

– Болашақта «NazarAI»-ды жетілдіру бойынша қандай жоспарыңыз бар?

– Жетекшімізбен қосымшаны дамыту барысында сөз арқылы қауіпті анықтайтын функция қосуды қолға алдық. Мәселен, «құтқарыңдар», «көмектесіңдер» деген кілттік сөздерді қолдану арқылы қосымшаның қауіпті анықтауы үшін жұмыс істеудеміз.

– Тұмар, өзіңіз туралы айтып берсеңіз. Бағдарламалау мен технологияға деген ынтаңыздың жоғары екенін байқадық. Бұдан басқа қандай қызығушылықтарыңыз бар?

– Мен мектептің белсенді және үздік оқушысымын. Сондай-ақ өзін-өзі басқаруға машықтандыратын парламенттің мүшесімін. Кішкентай кезімнен өзге елдің тілін білуге құмар болып өстім. Білімімді жетілдіріп, бүгінде ағылшын тілін толық меңгеруді қолға алдым. Одан бөлек, курстарға қатысып, өзімді шыңдаймын. Ал технологияға деген қызығушылық 9-сыныптан бастау алып, бүгінде жемісін бірге көріп отырмыз. Оған себеп ҰБТ-да информатика және математика пәндерін таңдамақшымын.

Осы тұста ағайыма деген алғысым шексіз. Себебі оның қолдауы маңызды еді. Тәлімгерім – қабілетімнің дамуына бірдей себепкер болған жан. Алдағы уақытта жетекшіммен бірге талай жобаны жүзеге асырамын деп сенемін.

Жалпы қазақстандық өнертапқыштарды қолдап, олардың жағдайын жасау қажет деп ойламын. Олардың бүгінгі бастамалары ел болашағына тікелей әсер етеді.

– Әңгіменізге рақмет!

Айсара МЕЙРАМБЕКОВА,
10-сынып оқушысы
Зайсан қаласы

MBTI: ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Өзінің ішкі әлемін тану, «менін» іздеу кез келген адам үшін маңызды. Осы тұрғыда өзін тануға асыққандар көбіне психологиялық тест тапсырып, болмысына шынайы көзқарас қалыптастырады. Ал бұл мақалада «MBTI» психологиялық типтер теориясы туралы баяндаймыз.

MBTI (Myers-Briggs Type Indicator) психологиялық типтерді анықтауға арналған тест. Бұл теория алғаш рет Карл Юнгтың психологиялық типтер теориясына негізделген. Кейіннен осы теорияға сүйеніп, Кэтрин Кук Бриггс пен оның қызы Изабел Бриггс Майерс дамытқан. XX ғасырдың басында әзірленді. Тест қаншалықты қолданыста болса да, көптеген эксперттердің сынына ұшырайды. Олардың айтуынша, бұл тест заманға сай емес һәм психологияның заманауи жетістіктерін ескермейтін көрінеді.

Десе де бұл тест көптеген салада, соның ішінде психологияда, бизнес ортада, командалық жұмыста және жеке дамуда қарқынды қолданылады. Тест адамдарға өзін жақсы түсінуге, өзінің күшті және әлсіз жақтарын тануға көмектеседі. Сонымен қатар басқалармен тиімді қарым-қатынас орнатуға ықпал етеді.

MBTI адамдардың мінез-құлқын, ойлау стилін және шешім қабылдау тәсілдерін талдауға бағытталған. Тест тапсыру арқылы өзіңіздің өмір сүру қағидаларыңызды дұрыс бағытта қалыптастырасыз. Мәселен, отбасын құру, мамандық таңдау, қоғамда қарым-қатынас құру секілді маңызды қадамдар жасау. Бейімділігіңізді анықтап, өз қабілеттеріңізді дамыта аласыз.

Бұл психологиялық тест типологиясы 16 түрлі типті қамтиды, төрт дихотомияның комбинациясынан тұрады: экстраверсия (E) және интроверсия (I), түйсік (N) және дағдылану (S), ойлау (T) және эмоция (F), бағалау (J) және қабылдау (P). Әрбір типтің өзіндік ерекшеліктері мен өзіне тән мінез-құлық стилі бар.

Алайда MBTI-ды қолдану кезінде ол барлық адамның мінез-құлқын толықтай түсіндіреді деп пайымдауға болмайды. Себебі адам мінезі ортасына, құндылықтарына, уақыт ағымына сай өзгеріп отырады. Яғни болмысыңызды қатып қалған қағидалармен кісендеуге болмайды. Бұл құралды тек жеке тұлғаларды тануға және олармен жақсы қарым-қатынас орнату үшін арналған арнайы анықтама деп білсек болады.

Қызық! Әлемде ең көп тараған MBTI түрі ол ISFJ (13,8%), ал ең сирек кездестін түрі INFJ(1,5%) болып танылады. Ал сіз өз MBTI-ыңызды білесіз бе?

Маржан ӘУЕЗХАН

Тіл – адамдар арасында түсінісуге, қарым-қатынас жасауға қызмет етумен қатар, әдеби және мәдени мұраларды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырушы аса маңызды құрал.

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ КӘСІБИ ТІЛ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Тілші-ғалым Ә.Қайдар: «Кез келген тілдің қоғамда өзара байланысты үш түрлі қызметі бар. Оның басты қызметі – коммуникативтік, яғни қоғам мүшелерінің өзара қарым-қатынас жасап, бір-бірін түсінуі, пікір алысуы үшін қажетті қызметі. Оның екінші қызметі – көркем шығарма тіліне тән, адам баласына образ арқылы ерекше әсер ететін, ләззат сыйлайтын эстетикалық қызметі. Тілдің бұл қызметі, әрине қаламгердің шеберлігіне, сөз саптау мәдениетіне тікелей байланысты. Ал тілдің үшінші бір қызметі, ғылыми терминмен айтқанда аккумулятивті қызметі деп аталады. Ол – тілдің ғасырлар бойы дүниеге келіп, қалыптасқан барлық сөз байлығын өз бойына жиып, сөйтіп оны келешек ұрпаққа асыл мұра ретінде түгел жеткізіп отыратын қасиеті. Тіл фактілері мен деректері – тұла бойы тұнып тұрған тарих. Сондықтан этностың өткендегі тарихы мен этнографиялық байлығын біз ең алдымен содан іздеуіміз керек» дейді.

Болашақ педагогтар тілдің коммуникативтік қызметін шебер қолданумен қатар, тіл мәдениетінің жоғары деңгейін меңгерген кәсіби білікті мамандар қатарынан танылу керек.

«Тіл мәдениеті – әдеби тілдің нормасы мен оның дамуын, сөйлеу тілімен қарым-қатынасын зерттейтін тіл білімінің саласы. Тіл мәдениетінің тіл білімінің басқа салаларынан айырмашылығы – оның күнделікті өмірде тілді қолдану, жазу, сөйлеу мәдениетімен тығыз байланыста болатындығында. Тіл мәдениеті дегеніміз – коммуникативтік қарым-қатынас кезінде тілдік тәсілдерді дұрыс ұйымдастырып, белгілі бір тәртіппен жүйелі қолдану» – деп берілген Уикипедия ашық энциклопедиясында.

Тіл мәдениеті тілдің құрылымдық жүйесіндегі орфоэпикалық, пунктуациялық, лексикалық-грамматикалық, синтаксистік нормаларды қоса қамтып, олардың коммуникативтік эстетикалық қызметі толық айқындалған жағдайда стилистикалық норма қалыптасады. Стилистикалық норма – сөйлеушінің тілдік ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениетінің көрсеткіші. Сөз мәдениеті көркем сөйлеуде, ғылыми-көпшілік немесе ресми ортада, тіпті ауызекі сөйлеу стилінде тілдің барлық салаларымен байланысты болып келеді. Сөйлеу мәдениеті топ алдында сауатты, жүйелі сөйлеудің алғышарттарын, әдіс-тәсілін танып білу, озық үлгілерін меңгерудің жолдарын, нақты қасиеттерін ұғыну сияқты мәселелермен тығыз байланысты.

«Тіл мәдениеті» ұғымы негізінен «сөз мәдениеті», «сөзді орынды қолдану» деген ұғымды білдіреді. Өйткені тіл мәдениетінің негізгі зерттейтін нысаны – сөз, сөздің дұрыс айтылуы, дұрыс жазылуы, дұрыс қолданылуы, сол арқылы ойдың айқын, әсерлі жеткізілуі болғандықтан жазбадағы тілдік нормаға да назар аударуды қажет етеді.

Қазіргі жоғары ақпараттық даму мен заманауи өзгерістер нәтижесінде жастар арасындағы қарым-қатынастың ауызша және жазбаша формасында да өрескел қателіктер байқалады. Стильдік және грамматикалық сауаттылықты болашақ тіл мамандарының бойына сіңіру арқылы өскелең ұрпақтың тіл мәдениетін қалыптастыра аламыз. Қазақ тілі және әдебиеті пәндерін оқытуда тиісті нәтижеге жету үшін білім алушылардың кәсіби тіл мәдениетін меңгеруге қызығушылығын арттырып, әдеби тілдік норманы қолдану дағдысына айналдыра алсақ, өз ойларын бай сөздік қоры арқылы тұжырымдап, жүйелі жеткізе алу қабілетін қалыптастыруға болады.

Білім алушылардың ауызша және жазбаша тілдік қолданысында, әдеби көркем сөйлеуінде, ғылыми-көпшілік немесе ресми ортада, ауызекі сөйлеу стилінде стильдік және грамматикалық сауаттылыққа негізделген кәсіби тіл мәдениетін қалыптастыру – басты мақсатымыз.

Ауызша және жазбаша тілдік қолданыста әдеби тіл нормаларын пайдалануға дағдыландыру, стильдік ерекшеліктерге сәйкес жазылым түрлерін сауатты жазу дағдысын қалыптастыру, ауызекі сөйлеуде стильдік ерекшеліктерге сай сөз тіркестері мен оралымдарды қолдануға үйрету, монолог, диалог барысында және пікірталас кезінде тақырыпқа сай аргументтер мен фактілерді тиімді қолдануға, сөйлеу техникасын меңгеріп, мәнерлі сөйлеуге үйрету, түрлі ақпарат көздерінен алынған деректерді сұрыптап қолдануға үйрету үлкен шеберлікті қажет етеді. Болашақ мамандар кәсібіне сай ауызша және жазбаша тілдік қолданыста әдеби тіл нормаларын пайдалануға дағдыланады.

Білім беруде кәсіби тіл мәдениетін дұрыс қалыптастыра алсақ, стильдік ерекшеліктерге сәйкес жазылым түрлерін талапқа сай сауатты жаза алады, ауызекі сөйлеуде стильдік ерекшеліктерге сай сөз тіркестері мен оралымдарды қолданады, монолог, диалог барысында және пікірталас кезінде тақырыпқа сай аргументтер мен фактілерді тиімді қолданып, сөйлеу техникасын меңгереді, мәнерлеп оқып, сөйлей алады, түрлі ақпарат көздерінен алынған деректерді сұрыптап қолданады.

Болашақ жастардың қолында десек, тіліміздің тазалығы мен дұрыс қолданыста болуына мән бере отырып, ұлт болашағының ұлағатты ұрпақ қолында болуына ықпал етеміз.

Тұрар ДҮЙСЕНОВА,
М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің оқытушысы, зерттеуші-педагог



«TARMAQTAR» ТАЛАЙДЫҢ ТАЛҒАМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРДЫ

«Адамды адам еткен – кітап,
адамзат еткен – кітапхана»
Әбіш КЕКІЛБАЕВ

Кітап оқу – мәдениеттің ең жоғары үлгісі. Десек те қазіргі таңда уақытын оқып, білуге арнайтындар қатары азайып барады. «Сананы тұрмыс билейді» деген пікірге қанша қарсы шықсақ та, оны түбегейлі жоққа шығара алмаймыз. Мәселен, қаржылай қиындықтан қажып жүрген жанға таңдау құқығы берілсе ойланбастан «рухани құндылықты» емес, «материалдық байлықты» таңдайтыны ақиқат. Сондықтан тұрмыс деңгейі төмен қоғамнан жоғары мәдениет талап ету ақылға қонымсыз дүние.

Сонымен қатар тәулік ішіндегі сағаттың қысқаруы бүгінде ғылыми тұрғыда зерттеліп, дәлелденген ақпарат. «Асықпаған арбамен қоян аладының» дәуірі артта қалды. Әуелден жан тыныштығы үшін жаралған әннің өзін жылдамдатылған (speed up) нұсқада тыңдап, тіпті әлеуметтік желіде жолданған аудиожазбаны тезірек тыңдау режимі пайда болған кезеңде том-том романдар мен поэмалардың оқылмауы заңдылық іспетті... Себебі шұбырған мәтін шыдам тауысады-мыс.

ПОЭЗИЯ – СӨЗБЕН САЛЫНҒАН СУРЕТ

Қоғамда қалыптасқан осынау көзқарасқа сәйкес сұраныс та үлкен өзгеріске ұшырады. Мұнымен айтпағым, өлең үзінділерінен тұратын «Тармақтар» кітабы дер кезінде жарыққа шықты. Кітап авторлары – әдебиеттегі аңыз болған ақындар

сканерле

жұбының бірі, жас отбасы Еламан Төлеутай мен Рысгүл Досжанова. Аталған кітап бір жылдың ішінде екі түрлі нұсқада жарыққа шығып, бүгінде таралым саны 20 мың данаға жетіп үлгерген.

«Бүтін бір өлеңнің құрылымын ұстап тұрған бір ғана шумақ болады. Жұрттың жадында сақталып қалатын «кілт сөз» іспетті...» деуші еді студенттік шағымызда дәріс берген ақын ұстазымыз. Дәл солай «тармақтарға да» өлең ішіндегі жүрегіне қозғау салатын тұстары дөп теріп алынған. Әлеуметтік желіде «Қазақ әдебиетінің эстетикасы» атауымен танылған кітаптың тағы бір ерекшелігі, әрбір тармақтың жанында айтылған ойға сәйкес сурет пен QR сілтеме бейнеленген. Сілтемеге өтсеңіз YouTube қосымшасында ашылған арнадан әрбір өлеңнің толық нұсқасын оқып, аудиожазбасын тыңдай аласыз. Жаныңызға бір мезет тыныштық тауып, өлең әлеміне саяхат жасағыңыз келсе, мархабат!

– Өзге кітаптарды қаламгер мен редактор, корректор бірлесіп шығара салса, біздің кітапты дыбыс режиссері, иллюстратор, IT маман, ютуб маманы, редакторлар... Осылардың бәрін жинақтау, табу оңай болмады.

Әрбір аудиопоэзияны дыбыстау, оған сай музыка табу, өлең оқитын адам іздеу, студия... осының бәрі қиялымда ғажап боп көрінгенімен, шындығында азап екенін түсіндім. Амал жоқ. Кәсіби актер, актрисалар үлкен гонорар сұрады. Тегін оқып беруге келіссе де, 10 өлең оқудан аспайды. Ал біздің кітабымызда 225 өлең бар, – дейді Рысгүл Досжанова.

Автор алғашқы кітапты басып шығару барысында бірталай қиындық болғанын атап өтті. Шынайы өмірде жүзбе-жүз көріспесе де әлеуметтік желі арқылы қолдауын аямайтын бірқатар тұлғаларға жүгінгенін де жасырмады. «Сенім білдіріп, көмек қолын созған Нұртай Сабильянов, Анарбек Орман, Ғазиз Ерімбетов секілді әдебиет жанашырларына әлі күнге дейін алғысымды айтамын» дейді Рысгүл.

Кейде кешкен сезіміңді суреттеуге сөз таппай қиналасың, мазаңды алған ойларды түртіп алуға да тіл жетпейді. Ал трендке айналған «тармақтар» талайдың көңіл пернесін дөп басып, көкейіндегі ойын көркем түрде жеткізе білді.

– Бүгінге дейін Жазушылар одағының түрлі жобалары, газет-журналдар мен түрлі сайттар бізге әдебиеттегі қаламгерлерді таныстырып келді. Бірақ бұл насихаттау бізге жеткілікті ме?

Біз смартфон заманында дүниеге келдік. Бізге керекті ақпараттың барлығын смартфоннан іздейміз. Біз қалаған жаңашылдықты, креативті дүниені Жазушылар одағы қашан жасайды деп мен неге өзгелерден күте беруім керек? Неге дәл осы дүниені өзім жасамасқа деген ойлар мені «тармақтар» жобасына алып келді, – дейді автор.

ПАРАҚШАДАН КІТАПҚА ДЕЙІН

Кітаптың жарыққа шығуына бірден-бір себепкер әлеуметтік желідегі парақша десем сенесіз бе?.. Иә, «Тармақтар» жобасының Instagram әлеуметтік желісіндегі тұрақты оқырман саны бүгінде 43 мыңға жуықтаған. Парақша ашылған күннен-ақ көпшіліктің назарын аударып, танымалдыққа лезде қол жеткізді. Сәйкесінше парақшаның дәлме-дәл көшірмесін жасаушылар да көбейді. Автордың айтуынша, осы жағдай қатты қынжылтып, есесіне жарияланған әрбір өлең жолдарын жинақтап кітап етіп жарыққа шығаруға түрткі болған.

сканерле

Дегенмен жобаның кітап нұсқасының идеясы да қолды болғанға ұқсайды. TikTok желісінде таралған тағы бір жоба бұл сөзімізге дәлел. Дәлірек айтсақ, Қазыбек Жалғастың «Аққуйын» атауымен жарық көрген кітабын алғаш аңғарғанда-ақ «Тармақтардың» көшірмесін көргендей күй кештік.

Қазақ поэзиясының жаңа форматтағы антологиясы расында қазақ жастары арасында әдебиетке, поэзияға деген қызығушылықты оятып қана қоймай, сонымен қатар жас ақындарды халыққа таныстырды. Желіде жарияланған жаз-



сканерле

балармен қатар автор парақшасына тікелей сілтеме берді. Бұл жас ақындар үшін ғана емес әрбір қаламгер үшін өте маңызды дүние. Себебі кез келген шығармашылық адамы болашақта ғайыптан тайып кітап шығаруды жоспарлай қалса оқырман аудиториясын қалыптастыру алғашқы орында болмақ.

«Тармақтар – бір сиқырлы дүние секілді. Кітап дейін десең кітап емес, кітап емес дейін десең кітап. Бірақ кітап емес деуге тілің бармайтын көркем дүние. Тармақтар – ең алғаш әлеуметтік желіде бастау алған жоба болатын. Мінекей араға жылдар салып, екі бірдей кітап болып, ақындардың жүрегінен шыққан ғазалдарын оқырманмен қауыштырып, қолда аялап ұстайтын көркем дүниеге айналды.»

Астанада өткен кітап көрмесінде ақын Ақберен Елгезек осылай деген болатын. Қай кітап дүкеніне бас сұқсаң да бестселлер қатарынан көрінетін «Тармақтар» туындысы тіпті kaspi.kz қосымшасының басты бетінде де көзге оттай басылды.

– Мойындайықшы... Кез келген әлеуметтік желіде жарияланған жазбаның алғашқы екі жолы қызықтырса әрі қарай оқисыз, қызықтырмаса оқымайтыныңыз анық. Мұның барлығы маркетинг. Дәл осы маркетингті неге қазақ әдебиетіне әкелмеске деген ой туды. «Махаббат» тақырыбындағы өлеңге қос аққудың, «туған жер» немесе «күз» жайлы өлеңге табиғаттың суретін қойып, ұзын-сонар шумақтарды жариялау оқырманды жалықтырады. Бізге тыныштық сыйлайтын жаңа дүние керек. Поэзия – сөзбен салынған сурет. Біз осы сөз бен суретті, поэ-зия мен минимализмді бір арнаға тоғыстыра алдық деп ойлаймын, – дейді Рысгүл.

Парақша деңгейінен бастау алып, кейін кітап болып жарыққа шыққан жобаның дизайн жөніндегі идеясын автор «Молоко и мёд» кітабынан алынғанын жасырмады. Бұл кітап әлемнің бірнеше тіліне аударылып, тілі де діні де бөлек қаншама ұлттың жан-дүниесін тоғыстырса, «Тармақтар» қазақ халқының поэзияға деген талғамын биіктетіп, махаббатына бөленді десек артық емес.

– Бір ақыннан бір тармақ таппай қиналатын кезіміз болады. Өзіміздің ойлаған идеямызға, кітаптың мазмұнына сәйкес келетін бір тармақ үшін әр ақынның өлеңдерін көз майымызды тауысып парақтап шығамыз. Ең қиын тұсы да – осы. Кейде бір-біріне ұқсас өлеңдер, тармақтар көп кездеседі. Сол кезде біреуін құрбандыққа шалуға тура келеді.

Мысалы, қазір әзірлеп жатқан тармақтардың үшінші бөлімі бізге қиынға соғып жатыр. Бұрын елімізде, тіпті әлемдік әдебиетте болмаған форматта қызық кітап дайындап жатырмыз. Оңай болған жұмыстан гөрі қиынға соққан жұмыстың нәтижесі жақсы болады, – дейді Еламан Төлеутай.

Тармақтардың кезекті шығарылымы, яғни үшінші басылым көк және ақ түсті мұқабада қос бірдей нұсқамен жарыққа шықты. Бірі «Google-да жоқ сұрақтар» атты кітап болса, енді бірі «Google-да жоқ ойлар» атты күнделік. Ерекшелігі сонда, оқырман қауымның ойын көркем түрде жеткізу мен өзінің жазушылық қырын сынап көруге мүмкіндік береді.

«ПОЭЗИЯ ТҮНІ» ӘЛЕМ ЕЛДЕРІНДЕ БАР

Кітап жарыққа шыққан алғашқы айларда жоба авторлары бірнеше поэзия кешін онлайн форматта өткізіп, жазылушылардың оң бағасына ие болды. Кейін түрлі ұсыныс-тілектер назарға ілігіп, «Поэзия түні» жобасы алғаш болып Түркістан қаласында өткен болатын. Көңіл қуантарлығы, әр қаладағы оқырмандар тарапынан сұраныс артып, аталған жоба жалғасын тапты. Әуезді әнмен және классикалық композициямен көмкерілген өлең кеші Шымкент, Қызылорда қалаларында және еліміздің басқа да өңірлерінде ұйымдастырылды.

Қоғам сахнада өтетін бірсарынды іс-шаралардан жалыққан шақта ерекше форматта ұйымдастырылған бұл кеш талайдың қызығушылығын арттырғаны анық. Тіпті кей қалаларда орындар санының шектеуіне қарамай көпшіліктің өтінішімен билет санын екі есеге көбейтуге тура келген. Авторлар «амандық болса осы жылдың күз айында сапарымыз жалғасын табады» дейді.



– Қазақ әдебиетіне, оның ішінде поэзияға тыңнан түрен салғымыз келді. Біз әдетте белгілі бір шектеулерге үйреніп қалғанбыз.

сканерле

Жалпы мейрамханаларда мұндай кеш өткізу... кофе, шай, тіпті шарап ішіп отырып өлең тыңдау әлем елдерінде бар эксперимент. Дәл осындай атмосфераны, қазақ поэзиясының эстетикасын сезіндіретін кешті біз де елімізге әкелгіміз келді, – дейді авторлар.

Айта кетерлігі, аталған жобаның кітаптарына сұраныс артқаны сонша көршілес мемлекеттерден қазақ тілін үйренуге қызығушылық танытқандар да табылған. Тіпті Өзбекстан, Қырғызстан, Қарақалпақстан, Моңғолия мен Ресейден де өз оқырманын тауып, шекара асып үлгерген көрінеді.

Алғашқы кітап «Мазмұндама» баспасынан жарық көрсе, кейін жоба авторлары «Тармақтар» атты жеке баспа ашқанын мәлімдеді. Сонымен қатар Қазақстанда жоққа тән саналатын «әдеби агенттік» құруды да жоспарлап отырғанын атап өтті.

«Сізді ойлауға мәжбүр ететін кітап қана өз міндетін толық атқарған кітап» дейді ағылшын сценарисі Дороти Паркер. Астарлы өлең жолдары арқылы түрлі ойларға жетелейтін бұл туынды әдебиетімізге тың серпіліс сыйлады. Қоғамның көзқарасын өзгертіп, талғамын биіктету жолында дәл осындай жаңашылдық керек-ақ. «Жастар кітап оқымайды» дейтін стереотипті тас-талқан еткен жас жұбайлар бүгінгі күннің басты жаңалығы һәм қаһарманы десек артық емес. «Қалауын тапсаң қар жанар» деген осы шығар, бәлкім!

Аружан ОРАЛБАЙ

60 БАЛАНЫ ТЕГІН ЖАТТЫҚТЫРАТЫН ЖАС БАПКЕР

Спорт саласындағы саңлақтар туралы көп айтамыз. Олардың жеткен жетістіктерімен мақтанып, абыройын асқақтатамыз. Алайда кез келген мықты маманның артында білікті бапкер мен жанкешті жаттықтырушы тұратыны анық. Жақында Tik-Tok әлеуметтік желісінде таеквондо жаттықтырушысы туралы ерекше бейнеролик тарады. Шәкіртінің көз жасын сүртіп, қолдау көрсеткен оның бұл ісі көпшілікті сүйсіндірді. Біз суреттеп отырған кейіпкер – 20 жастағы Диас Айымқұлов. 2-курс студенті бола тұра 60 баланы тегін жаттықтыратын бапкермен сұхбаттасудың сәті түсті.

– Диас Нұрлыбекұлы, спортқа деген қызығушылығыңыз қалай пайда болды? Бүгінгі күнге дейін қандай жетістіктерге жеттіңіз?

– 12 жасымда спортқа деген қызығушылығым артып, өзіме ұнайтын таеквондомен шұғылдана бастадым. Сол кезден бері бұл салаға деген сүйіспеншілігім артпаса, кеміген емес.

«Армансыз адам – қанатсыз құспен тең». Әр спортшының жүрек түбінде жайғасқан арман-мақсаты бар. Сол секілді менің де алға қойған жоспарларым болды. Көздеген армандарыма жету үшін өзімді үздіксіз қамшылап, шыңдай түстім. Шүкір, байрақты бәсекелерде бақ сынап, бұйырған жүлделерді иеленіп келемін.

Мәселен, БӘҰ-де өткен спорт сайысында таэквондодан күміс жүлде иелендім. Бейрут және Иран елдерінде өткен турнилердің қатысушысымын. Сондай-ақ Азия елдерінде ұйымдастырылған спорт байқауларында төбе көрсеттім. Жарысқа бару тек қатысумен ғана шектелмейді. Одан бөлек өзге елдің спортшыларымен тәжірибе алмасып, білмегеніңді үйренуге де мүмкіндік болады.

Жалпы әр елдің спорт саласындағы өзіндік ерекшелігі бар. Олардың спорт мәдениетімен танысу, көру менің білімім мен біліктілігімді арттыруға үлкен септігін тигізді. Сол жақтан жиып-терген тәжірибемді ауыл балаларына дарытуға күш салып жатырмын.

– Екі жылға жуық уақыт бойы бүлдіршіндерді спортқа баулып келесіз. Бапкерлікке қалай келдіңіз?

– Кезекті бір жарыстардың бірінде жарақат алып қалдым. Алайда спортқа деген ынтам мен қызығушылығым басымырақ болды. Сол себептен сағым сынбай, жаттықтырушы болып, өзімді шыңдағым келді. Оның үстіне мен тұратын Сазды ауылындағы бүлдіршіндері уақытын тиімді пайдаланса екен деген тілегім болды. Оларды спортқа бейімдеп, «болашаққа басатын қадамдары сенімді болса» екен деген арманыма жан бітірдім.

– Өзіңіз «Дене шынықтыру және спорт» факультетінің 2-курс студенті екенсіз. Оның үстіне балаларды спортқа баулысыз. Барлығына уақыт жеткілікті ме?

– Жұмыс пен оқуды қатар алып жүру қиындық тудырмайды. Себебі жас кезде кез келген бағытта дамыған дұрыс деп есептеймін.

Ал мұның барлығы мен үшін үлкен тәжірибе. Болашақта жастық шағымда ерте еңбек етуге бейімделгенім үшін өз-өзіме алғыс айтатынымды сеземін.

– Желіге салынған бейнероликтен кейін көптеген көрермен сізге деген ілтипатын білдірді. Тіпті оқушыларыңызға материалдық көмек ұсынғандар да болғанын байқадық. Қанша адам қол ұшын созды? Мемлекет тарапынан қолдау көрсетілді ме?

– Иә, көп қаралым жинаған бейнероликтің арқасында жүрегі жайсаң көрермен аз да болса, таудай ниетпен көмектесуге тырысты. Алматы қаласының бір тұрғыны материалдық тұрғыда жәрдем берді. Яғни спорттық құрылғыларды сыйға тартты. Қанша жерден жаттығып, тынбай еңбектенсең де, арнайы спорттық құралдарсыз спорттық білім алу қиын. Сондықтан ол құрылғылардың балаларды шынықтыруға үлкен септігі тиері анық. Ал әзірге мемлекет тарапынан ешқандай қолдау көрсетілмеді.

– «Жеңіліс тапса да, баланы қолдау маңызды» деген екенсіз «Qazaqstan» телеарнасына берген сұхбатыңызда. Жақсы бапкер болу үшін нені білу керек? Өзіңіз спорт саласынан кімді үлгі тұтасыз?

– Спорт болған соң жеңіс пен жеңіліс қатар жүреді ғой. Сол секілді шәкірттерімді бір сүрінді екен деп жазғырмаймын. Керісінше «сол жеңілістен сабақ ал» деп әрі қарай қамшылап отырамын. Себебі мен тәрбиелейтін спортшылардың көбі кішкентай болғандықтан, олардың психологиясы да жасына сай сезімтал болады. Баланы жасытпай, қолдау көрсетіп, оған мотивция беру арқылы жеңіске жетелеуге болады. Мықты спортшы шықсын десек, олардың бұл салаға деген қызығушылығын оятуымыз қажет. Десе де асыра мақтаудың да, қолдаудың да өз шегі бар. Олардың спорттық психология қалыптастыруы үшін барымды саламын. Ол – менің басты міндетім.

Ал спортта үлгі тұтар тұлғам өзімнің ұстазым әрі бапкерім – Жарас Пірмағамбетов. Үйреткені де, үйретері де көп азамат. Әлі күнге дейін сол кісіден сабақ аламын.

– Балаларды неліктен тегін жаттықтырасыз? Өзіңіз жаттықтыратын спорт кешенінің жағдайы жақсы ма?

– Мемлекеттің қолдауымен іргетасы қаланған Сазды балалар спорт мектебі ауыл халқының игілігі үшін жұмыс істеп келеді. Соның арқасында жас спортшылар тегін білім алуда. Кешенде балаларға толық жағдай жасалған. Жаңа спорттық құралдармен қамтамасыз етілген. Мен балаларды шынықтырып қана қоймай, өзім де бұл салада шыңдалып, бапкерліктің қыр-сырын үйренудемін һәм тегін жаттықтыратыныма еш қынжылмаймын.

– Жазғы Олимпиада ойындарын көрген боларсыз. Байрақты бәсекедегі қазақ спортшыларының жағдайы белгілі болды. Спортшы ретінде сіз не айтасыз?

– Төрт жылда бір келетін Олимпиада ойындарының жолдамасын жеңіп алу кез келген спортшыға бұйыра бермейтін бақ. Мақтаныштарымыз ұзақ уақыт еткен еңбегі мен төккен терінің арқасында Париж төрінде ел намысын қорғауға мүмкіндік алды. Ал кіл мықтылар бас қосқан додада топ жару қиынның қиыны. Сәті түсіп бұйырған жүлделер ел қоржынына түсті.

Өзім таеквондомен айналысатындықтан еліміздің атынан бақ сынаған екі жас спортшының бәсекесін тамашаладым. Екеуі де мықты. Осы күнге дейін спорттық сайыстарда бас жүлдені бермей келді. Бірақ басты додада жүлде бұйырмады. Қалай десек те Олимпиада ойындарындағы атмосфера мүлдем бөлек болады. Артында бір аудан, облыс қана емес, тұтас қазақ елі тұр. Сондай сәтте жүйке сыр бермеуі қажет. Ал қобалжитын болса кез келген жүлде қолдан сусып кетеді деп ойлаймын. Бірақ мен ел спортшыларына деген сенімімді жолғалтпаймын. Әлі талай дүбірлі додада топ жарып, Қазақстанның көк туын көкте желбірететініне сенемін!

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Нұршат НЫШАНОВА

ЖАС БОЛЫП МӘҢГІ ЖҮРМЕЙСІҢ...

Ғалымдар қартаю туралы нақты шешімге келмесе де, Гиппократ бұл үрдіс 42 жастан басталады деген тоқтамға келген. Ол туралы ақпарат әртүрлі. Байқасақ, қазір уақыт бізге емес, біз уақытқа тәуелдіміз. Яғни бұл заманның бір қарбалас бөлігі секілді. Қалай есейіп, тіпті қалай қартайғанымызды да байқамай қаламыз.

Жас болып қалу кімнің де болсын қалауы екені рас. Өкініштісі, жастық шақ қайта оралмайды, тек естеліктерден еміс-еміс еске түседі. Алайда өмір заңдылығына бағынбасқа болмайды. Ата-анамыздың да қалай самайына ақ түсіп, қартайғанын байқамай қалады екенбіз...

Қарттық қорқынышты емес. Дұрыс әдеттер қалыптастыру, денсаулыққа назар аудару және өмір салтын жақсарту – жас қалпыңызды сақтау жолында маңызды басымдыққа ие. Сергектігіңізді жолғалтпас үшін назар аудару қажет негізгі аспектілерді атап өтейік: құнарлы өнімдермен тамақтану, физикалық белсенділікті арттыру, стресстен аулақ болу, зиянды әдеттерден бас тарту, позитивті ойлану.

«Жастығымды сақтаймын» деген 45 жастағы миллионер Брайан Джонсон донорлық қанның арқасында өзінің 8 жылға дейін жасарғанын мәлімдеді. Бүгінде ол 17 жастағы ұлының қанын өзіне құйып, «уақытты кері шегіндіремін» дейді. Бірақ эксперимент тек қан құюмен аяқталмайды. Брайан Джонсон қатаң диетаны ұстанады, жаттығулар істеп, тіпті денесін электромагниттік толқындармен жаттықтырады. Осы үшін ол жыл сайын қыруар қаржы жұмсайды.

Заман дамыса да, мәңгі жас бола алмаймыз. Дегенмен жастығымызды сақтау – тек сыртқы көрініс қана емес, ол ішкі жан-дүниенің үйлесімділігімен де байланысты дүние. Ұзақ уақыт жас көрінудің құпиясы – өмірге деген көзқарасты өзгерту, рухани теңгерімді сақтау және ішкі потенциалымызды дамыту секілді құндылықтар арқылы ашылады.

Жан мен тәннің бірлігі бізді жас әрі сергек етеді. Бұл екі компонент өзара тығыз байланыста болғандықтан, рухани тепе-теңдікке қол жеткізгенде денсаулық та жақсарады. Мамандардың айтуынша, психологиялық және физикалық денсаулық бір-бірімен тығыз байланыста. Егер психологиялық жағдайыңыз мүшкіл болса, оның да арты жақсылыққа апармасы анық. Ми тыныштық тапсын десеңіз жаныңызды емдеңіз. Күнделікті медитация, йога немесе тыныс алу жаттығулары сана-сезімді ауыртпалықтан сақтап, сейілуін қамтамасыз ете алады.

Сарапшылардың пікірінше, медитация тек ақыл-ойды тыныштандырып қана қоймай, сондай-ақ ағзадағы қабыну процестерін азайтуға көмектеседі. Гарвард медицина мектебінің профессоры, доктор Герберт Бенсон медитацияның ағзадағы стресс гормондарын төмендетуге және жалпы өмір сүру ұзақтығын арттыруға ықпал ететінін атап өткен.

Көптеген бойжеткен әлі қартаю кезеңіне жетпей әжіммен алыса бастайды. Ал бұл асығыс әрекет қорытындысында өкініш әкелуі мүмкін. Бет-әлпетті сол қалпында сақтау үшін міндетті түрде ине салып, ота жасатудың қажеті жоқ. Одан да түрлі массаж, табиғи өнімдердің қоспасынан әзірленген дүниені пайдаланған жөн. Тері күтімі бойынша дерматолог, доктор Лесли Бауман (Майами университеті) күннен қорғайтын кремдерді қолдану ерте қартаюдың алдын алудың маңызды аспектісі екенін айтады. «Ультракүлгін сәулелер терінің ДНҚ-сына зиян келтіріп, әжімдер мен пигментацияның пайда болуына әкеледі. SPF 30 және одан жоғары кремдер күнделікті қолданылуы тиіс», – дейді ол.

Физикалық қозғалыстың аздығы да ерте қартаюға әкелетін бірден бір себеп. Бүгінде гаджетті, әлеуметтік желі мен теледидарды көптеген адам қолданады. Сондай-ақ фас-фуд өнімдерін, энергетикалық құнары шамадан тыс сусындарды тұтынатындардың қатары көп. Мұның бәрі физикалық қозғалысқа, денсаулыққа әсер етеді. Спорт – дененіздің сергек қалпын сақтауға қауқарлы күшке ие. Сондықтан дұрыс тамақтанып, физикалық әлсіздікке жол бермеу қартаю үдерісін баяулатуға көмектеседі.

Өмірге құштар кез келген адам әр сәтті өз пайдасына қолдануды үйренеді. Қарттықтың амалын тауып, әсте одан айламызды асыра алмаспыз. Себебі бұл – өмірдің заңдылығы. Десек те жоғарыда атап өткендей, жан мен тәннің үйлесім табуы – жас қалпыңды сақтауға көмектеседі.

Қорлан САРЫ

«АНИМЕ»: ПАЙДАСЫ КӨП ПЕ, ЗИЯНЫ МА?

Ақпарат басымдыққа ие заманда әр мемлекет өзіндік мәдениеті мен тарихын сериал, фильм, мультфильмдер арқылы әлемге таныстырады. Солардың ішінде қазір жастың да, үлкеннің де көңілінен шыққан аниме жанры танымалдыққа ие болған. Өзіндік стилімен ерекшеленетін жапондық туындының тарихы да ерекше.

Алдымен, «аниме» сөзінің түптамырына тоқталсақ. Ол ағылшынның «animation» сөзінен шыққан. Жапон тіліндегі атауы ұзақ болғандықтан, «аниме» деп қысқартқан. Алайда дәл осы термин аясында келіспеушілік бар. Себебі халықаралық тілдердің лексикалық сөздігіне енген түбірдің тегіне француздар да таласады. Ақырында, жапондардың тіл мамандары «аниме» сөзі кез келген аниме жанрында түсірілген сюжетке берілетін атау деп ортақ келісімге келді.

Ең алғашқы ескі әрі сақталып қалған түрі «Katsudo Shashin» деп аталатын 3 секундқа ғана созылған аниме. Тек 1917 жылы анименің алғашқы жеңісі 2 минуттық «Namakura-gatana» деп аталатын самурайдың қылышы туралы сюжет болды. 1933 жылы тұңғыш рет анименің дыбыстық жүйесі іске қосылды. Уақыт өте келе «аниме» тек көңіл көтеруге арналған анимациялық кейіпкерлердің желісі емес, мемлекеттік деңгейдегі құралға айналды. Себебі аниме арқылы жапондар өз елінің тарихын, жеңісті күндерін көптеп көрсетуге мүмкіндік алды.

1937 жылы Уолт Дисней өзінің алғашқы толықметражды «Ақшақар және жеті ергежейлі» түрлі-түсті мультфильмін көрерменге ұсынды. Ал Жапониядағы алғашқы толықметражды аниме тек 1958 жылы пайда болды. Режиссер Тайджи Ябуситаның «Ақ жылан туралы аңыз» туындысы көпшілік үшін жаңалық еді. Бірақ бәрі 1963 жылы Осаму Тезукидің зұлымдықпен күресетін робот бала туралы түсірілген «Құдіретті атом» анимациялық сериясының шығуымен өзгерді. Өйткені сериал өте танымал болды, әлем бойынша түпнұсқаның шамамен 100 миллион данасы сатылды. Ол ағылшын тіліне аударылып, АҚШ, Аустралия, Канада және Азия елдерінде таратылды. Жапон мәдениеті туралы кітаптардың американдық авторы Фредерик Шодттың айтуынша, «Құдіретті атом» осы елдің ұлттық рәміздерінің біріне айналды.

Аниме сүйер көрерменнің ең бірінші байқайтыны – кейіпкерлердің үлкен көздері. «Үлкен көздер» негізінен символизм себептерімен салынады. Олар көбіне кейіпкердің достығын, аңғалдығын, жастығын, эмоционалдылығы мен әлемге ашықтығын айқын көрсетеді.

Аниме серияларының тағы бір ерекшелігі – түрлі-түсті шаштар. Жапондықтардың өзінде тек қара және қоңыр шаштар кездеседі. Бірақ кейіпкерлерінің шаштары әртүрлі түсте болады. Әдетте шаштың түсі кейіпкердің мінезін көрсетеді. Мысалы, ақ түс – құпия, жұмбақ кейіпкерлерге арналған болса, қара – байсалды, қатал, батыл, ал қызыл ашуланшақ, гиперактивті білдіреді. Көк түс жайбарақат, қайғылы көңіл-күйді көрсетсе, сары – мейірімді, көңілді, құбылмалы, ал қызғылт – нәзік, аңғал, жұмсақ жандарды бейнелейді. Анимедегі шаш пен денені салу стилін жапондықтар ойлап тапқан, ал көзді салу стилі Диснейден көшірілген. Оны жапондықтар жасырмайды да.

Аниме сюжеті әркез «Дисней» немесе «Союзмульфильмнен» ерекшеленіп отырды. Сол себепті бұл жанр аясында түрлі даулар кездеседі. Мәселен, 2021 жылдың қаңтарында Санкт-Петербургтің Колпин аудандық соты Ресейде танымал болған «Өлім дәптері», «Эльф әні» сынды анимелерді таратуға тыйым салды. Өйткені бұл анимациялық сериялларда балалардың психикасына зиян келтіретін көріністер бар екені айтылған.

Анимеде «қанды төбелес» көріністері жиі кездеседі. Кейіпкерлердің шектен тыс агрессиясы да көбірек орын алады. Бұл тұста психологтар аниме жастар арасында «қатыгездік – қалыпты дүние» деген тұжырым қалыптастырады деп қорқады. Балалар өлімнің не екенін түсінбейді, оны қорқынышсыз көреді және оған байыпты қарамайды. Онымен қоса кейбір мамандардың пікірінше, анимеде салауатты отбасылық қарым-қатынасты көрсететін сюжеттер тым аз. Көп жағдайда басты кейіпкердің ата-анасы жоқ немесе олардың ара-қатынасы дұрыс емес.

Анименің тағы бір дау тудыратын тұсы жақсылық пен жамандық анық ажыратыла бермейді. Мысалы, «Өлім дәптерінде» дәптерін жоғалтып алған жын зұлым ба? Әлде сол дәптерді адамдарды өлтіру үшін қолданған жігіт қатігез бе? Балалар бұл туындыны тамашалаған соң қандай қорытынды жасайды? Өкінішке қарай, бұл сұрақтарға жауап жоқ.

Осы тұста елімізде аниме дыбыстап жүрген жас дубляж актрисасы Маржан Мысырқызы: «Анименің пайдасы да, зияны да бар. Бірақ зиянынан пайдасы көп дер едім. Қызығы мен пайдасы тек әдемі салынған суретінде емес, кейіпкерлердің бірегейлігінде, адами қасиеттерінде, өмірлік ұстанымдарында. Әлемдегі өзекті мәселелелерді көтерген анимелер өте көп. Мәселен, Гибли студиясының анимелері де мағынаға, мәдениетке толы. Жапон елінің әлемді тануына, ғаламды анимациялық тұрғыдан көрсетуіне келгенде байқайтын ерекшеліктері де өте қызық», – деп пікір білдірді.

Қорыта айтқанда, анименің зияны мен пайдасы қатар жүретінін білгеніміз дұрыс. Әр ата-ана өз баласының не көріп, не тыңдап жүргенінен хабардар болатын болса, сауатты қоғам құрастырып, болашағы жарқын ұрпақ тәрбиелей аламыз.

Айғаным ҚОҢЫРБАЙҚЫЗЫ

Ақмешіт жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №KZ 32VPY00086947 куәлігі 02.02.2024 жылы қайта берілген.
«Ақмешіт жастары» республикалық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР
Абзал ЖОЛТЕРЕК

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru
Instagram: @aqmeshiit-zhastary / сайт: aqmeshit-zhastary.kz

Кезекші редактор:
Нұршат НЫШАНОВА

Таралымы: 7049
Тапсырыс: 1358